ЖОЛДАУ ЖОЛДАРЫНАН «Екінші. Қолжетімді баспана. Біз жаңа тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыруға кірісіп кеттік. Елімізде жыл сайын 6 миллион шаршы

метр тұрғын үй пайдалануға берілуде. Алайда біз жарты миллионнан астам жас отбасын жеке баспанамен қамтамасыз етуге тиіспіз.

Бұл үшін жалға берілетін тұрғын үй алаңын 1 миллион шаршы метрге жеткізу қажет. Ұзақ мерзімді жалға беруде сатып алынатын және сатуға жатпайтын екі түрлі жолды қарастыру қажет. Оған қоса жалға алғаны үшін жасалатын төлем әл-ауқаты орташа отбасы мүмкіндігіне сай болуы тиіс. Мұнымен бірге отандық құрылыс саласы үшін жаңа мүмкіндіктер туады. Соның бәрін жаңа «Қолжетімді баспана-2020» бағдарламасында анық көрсету керек. Мемлекет бұл бағдарламаны тиісті қаражатпен қамтамасыз етеді. Аталған құжатты Үкіметке осы жылдың 1 шілдесінен ке-шіктірмей жасап, қабылдауды тапсырамын». (ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауынан).

Президент: "Біз жаңа тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыруға кірісіп кеттік. Елімізде жыл сайын 6 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілуде. Алайда біз жарты миллионнан астам жас отбасын жеке баспанамен қамтамасыз етуге тиіспіз. Бұл үшін жалға берілетін тұрғын үй алаңын 1 миллион шаршы метрге жеткізу қажет.

Оның ішінде, **ұзақ мерзімге жалға беру, одан кейін сатып алу** тәрізді екі түрлі жолын қарастыру керек", - деді(1).

2012 жылғы уақытқа қарай банктер мен әкімшіліктер арасында құрылыс бойынша 110 тұрғын үйде 8021 пәтерге іспеттестік туралы келісім бекітілді.

Осылайша 2012 жылдың желтоқсан айына дейін сатып алушыларға ресімделген немесе ресімделу кезеңіндегі 1573 пәтер қолдануға берілді. 2020 жылға дейін бірінші бағыт бойынша қолдануға 2,9 млн. шаршы метр немесе 49 мыңнан астам пәтер берілді.

Жоспар бойынша құрылыс деңгейін жылына 4 мың пәтерге дейін жеткізу үшін жаңа бағдарламада қаржыландыруды арттыру көзделген. 2014 жылдан 2020 жылға дейін бұл бағытта қаржыландыру жыл сайын 35 миллиард теңгені құрамақ. Сонымен қатар қазіргі таңдағы бас мәселе ол жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету. Оны жүзеге асыруға «Тұрғынүйқұрылысжинақбанкісі» және «Самұрық Қазына» арқылы жүргізіледі. Жас отбасылар өз пәтерлерін алғанда, «Тұрғынүйқұрылысжинақбанкісі» 15 жылға дейінгі мерзімде жылдық төрт пайыздық несиені ұсынып отыр(2).

Жиында бағдарламаның соңғы бағыты бойынша баяндама жасаған «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Қуандық Бишімбаев бағдарламаның негізгі мақсаты орташа жағдайы бар отбасыларға арнап тікелей сату және кейін сатып алатындай етіп жалға беру жолымен қолжетімді тұрғын үйлердің пайдалануға енгізілуін қамтамасыз ету болып табылатындығын айтты. Егерде жоспарды қарап отырсақ, «Самұрық-Қазына» АҚ 2013 жылы – 200 мың шаршы метр, 2014 жылы – 300 мың шаршы метр және 2015 жылдан бастап жыл сайын 500 мың шаршы метрден үй салуды жоспарлап отыр. Қор еліміз бойынша барлығы 3,5 миллион шаршы метрден астам үй салатын болады. Бұл ретте қордың инвестициясы және республикалық бюджет қаражаты 688,7 миллиард теңгені және жеке инвестициялар кемінде 300 миллиард теңгені құрайтын болады.

Елордамыз Астанада осы бағдарлама тиянақты іске асырылуда. 2013 жылдан бастап Астана қаласының жайлылығының 3 деңгейлі тұрғын үйлерін алу туралы арыздар қабылдана бастады. Бұл туралы қаланың ресми сайтында хабарланған болатын.

Жеке тұрғын үй құрылысына қолдау көрсету бағдарламаның басым бағыты болып табылады. Бағдарлама аясында 2020 жылға қарай жыл сайын 28 млн. шаршы метр аумақтағы немесе 30 мың жеке тұрғын үй салу жоспарлануда.

Алыс кетпей ақ Президенттің бойынша моно немесе спутниктік қалаларды дамыту бойынша Қарағанды облысының Абай қаласында «Қолжетімі баспана 2020» бағдарламасы көптеген отбасыларға қуаныш және жаңа үйдің кілтін сыйлауда. Сол кілттерді табыс ету үшін Қарағанды облысының әкімі Әбілғазы Құсайынов Абай қаласына барып 25 отбасыны жаңа 2013 жыл жылан жылында қуанып қайтқан болатын.

Сондай-ақ онымен қоса 4 ықшам ауданында 49 пәтер қалпына келітіріліп өз қожаындарын тосып отырса, 20 пәтері жөндеуден өткізілуде.

«Осы мақсатқа деген ынтамен қалада 138 пәтер қолдануға беріледі. Осындай үй құрылысының серпінін соңғы 30 жылда ешкім көрмеген болатын. Және осы жұмыс ары қарай дами түседі»-, деп облыс әуімі айтқан болатын.

«Қолжетімді баспана-2020» бағдарламасы бұйыртса, жұмыс орындарын құру, шағын және орта бизнесті, ілеспе салалар мен өңірлерді дамыту арқылы бірқатар әлеуметтік проблемаларды шешеді деп күтілуде. Қорытындысында шамамен 50 мың отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілмек(3).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. www.akorda.kz
2. www.egemen.kz
3. <http://ortalyk-kaz.kz/>
4. <http://www.khabar.kz/>

Дарибаева Жанна., гр. ГМУ-32к КЭУК
Научный руководитель: магистр,
Юсупов М.Т

УЛУЧШЕНИЕ КАЧЕСТВА ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ НАСЕЛЕНИЮ - ВАЖНЫЙ АСПЕКТ ПОВЫШЕНИЯ ДОВЕРИЯ ГРАЖДАН К ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ.

Ежегодно Президент Республики Казахстан обращается к народу с Посланием, в котором, как правило, подводит основные итоги минувшего периода в жизни страны и ее граждан, указывает на недочеты и недоработки в деятельности государственных органов, выступает с различными к ним поручениями и заданиями, оглашает планы социально-экономического развития государства на обозримую перспективу. В своем выступлении Глава государства отметил, что новый этап казахстанского пути – это новые задачи укрепления экономики, повышения благосостояния народа. В современном мире это коренной вопрос социально-экономической модернизации. Это главный вектор развития Казахстана в ближайшем десятилетии.

Президент подчеркнул, что Казахстану необходимо реализовать комплекс задач по десяти направлениям.

Первое. Занятость казахстанцев. Это создание эффективной системы обучения и содействия в трудоустройстве, содействие развитию предпринимательства на селе, повышение мобильности трудовых ресурсов, приоритетное трудоустройство в центрах экономической активности Казахстана.

Второе. Доступное жильё. В Казахстане будет ежегодно вводиться по 6 миллионов квадратных метров нового жилья. В первую очередь, важно решить вопрос об обеспечении собственным жильём более полумиллиона молодых семей.

Третье. Региональное развитие. Сильный Казахстан - это, прежде всего, сильные регионы.

Четвертое. Повышение качества государственных услуг населению. Необходимо развивать Электронное правительство, упрощать административные процедуры, повышать компьютерную грамотность населения.

Пятое. Улучшение кадрового потенциала. Важнейшая задача - подготовить квалифицированный политический класс управленцев.

Шестое. Модернизация судебной и правоохранительной систем. Необходимо кардинально пересмотреть порядок формирования судейского корпуса.

Седьмое. Качественный рост человеческого капитала в Казахстане. Это, прежде всего, образование и здравоохранение. Восьмое. Совершенствование пенсионной системы.

Девятое. Индустриально-инновационные проекты.

Десятое. Развитие сельского хозяйства.

Сегодня всему миру и каждому государству важно найти ответы на мощные глобальные и внутренние вызовы. Выполнив задачи по десяти направлениям социально-экономической модернизации, мы укрепим экономику, сделаем стабильным наше общество, повысим благосостояние нашего народа, - сказал Президент.

В настоящее время органы юстиции активно реализуют четвертое направление данного Послания, а именно работают над повышением качества государственных услуг населению,

путем развития электронного правительства (ЭП) и упрощения административных процедур, а как следствие повышения компьютерной грамотности населения. Как вам известно, многие из гос. услуг оказываемых Департаментом юстиции реализуются по средствам ЭП. В прошлом году были введены такие услуги как электронная подача заявлений на заключение и расторжение брака, подача заявления на государственную регистрацию юридических лиц, являющихся субъектом малого предпринимательства и осуществляющих свою деятельность на основе типового устава и подача заявления на выдачу дубликата свидетельства о гос. регистрации (перерегистрации) юр лица, филиала и представительства. Кроме того, в электронном формате осуществляется выдача лицензий на право занятия адвокатской и нотариальной деятельностью, выдача информационных справок о юридических лицах, а именно: об участии физического лица в юридическом лице; об участии юридического лица в других юридических лицах; о наличии филиалов и представительств юридического лица; о зарегистрированном юридическом лице, филиале и представительстве. Выдача информационных справок по юридическим лицам и недвижимому имуществу осуществляется через ЦОН.

Сейчас в стране действует 249 центров обслуживания населения, из них 28 ЦОНов областных центров и г. Астана, Алматы были модернизированы в прошлом году. На сегодняшний день проводятся мероприятия по модернизации 221 районных и городских ЦОНа. Завершить модернизацию планируется до конца текущего года.

Хочу отметить, что во всех ЦОНах страны уже внедрен метод безбарьерного обслуживания. В ходе модернизации, в зависимости от площади помещения, открываются уголки электронного правительства, где можно познакомиться с услугами портала egov.kz и получить электронную цифровую подпись. Помимо уголка egov.kz для удобства посетителей, пришедших с детьми, оборудуется детская площадка. Также для удобства граждан предусмотрено внедрение единой электронной очереди, которая позволяет вести контроль за качеством предоставления государственных услуг, отслеживать время ожидания граждан в очереди.

Немаловажным моментом является то, что модернизация позволяет бронировать время посещения через Интернет, на портале egov.kz или call-центр «1414».

Кроме того, проводится работа с персоналом, направленная на повышение квалификации работников, улучшение качества обслуживания населения, обеспечение прозрачности и недопущение условий для проявления коррупции.

Список литературы:

- 1.Официальный сайт Президента Республики Казахстан. <http://www.akorda.kz/>
2. Цыбулевская Н.А. Формирование стандартов на государственные и муниципальные социальные услуги населению. Екатеринбург, 2008.
3. Атаманчук Г.В «Теория государственного управления». Курс лекций. – М.: Юрид.лит. 2007.
4. Богдановская И.Ю. Концепция «электронного государства» (сравнительно-правовые аспекты) // Четвертая конференция «Право и интернет: теория и практика». Москва – 2012.
5. Ирхин Ю.В. «Электронное правительство»: теория и практика// Государственная служба. — 2008 . — N 4. - 163-173

Талап Тансулу., гр. ГМУ-22к КЭУК
Научный руководитель: к.э.н,
профессор Шумеков З.Ш.

МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚТЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Макроэкономикалық тұрақсыздық ол макроэкономика деңгейінде жұмыссыздық, инфляция мәселерін қарастырады. Макроэкономикалық тұрақсыздық да экономикалық тұрақсыздық цикілдігі ескеріледі.

Экономикалық дамудың цикілдігі – өндірістің өсуі құлдырауы, іскерлік белсенділіктің артуы мен кемуімен алмасып отыратын нарықтық экономиканың үздіксіз толқулары.

Экономикалық цикл бір – бірінен интенсивтілігі және ұзақтығы бойынша өзгешелінеді. Бірақ барлық циклдерге тән фазалар болады олар:

- 1.тоқырау
- 2.жандану
- 3.өрлеу

Экономикалық циклдің негізгі себептері: тұтынудың, инвестицияның, негізгі қорлардың жаңаруы, ақша массасының өзгеруі .

Жұмыссыздық

Жұмыссыздық – бұл еңбекке қаблетті халықтың жұмыс істеуді қалайтын, бірақ уақытша немесе мүлдем жұмысынан айырылған бөлігінің жұмыспен қамтылмау көрінісі.

Жұмыссыздық қалыптасу сипаттарымен байланысты негізінен 3 түрге жіктеуге болады:

Фрикциялық жұмыссыздық – қызметкерлердің жұмыс орнын ерікті түрде ауыстыруымен және жұмыстан уақытша босау кезеңдерімен байланысты құбылыс.

Құрлымдық жұмыссыздық – елдегі тұтыну тауарларына сұранымның құрлымында және өндіріс технологиясында болатын өзгерістер салдарынан пайда болатын құбылыс.

Циклдік жұмыссыздық – елдегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жиынтық сұранымның күрт азаюы салдарынан болатын құбылыс. Циклдік жұмыссыздық – кез келген қоғам үшін экономикалық және әлеуметтік дағдарыс болып саналады.

Қазақстандағы жұмыссыздық мәселесіне тоқталатын болсақ, нарықтық экономикаға өту кезеңінде бұрынғы тиімсіз кәсіпорындар мен ауыл шаруашылық мекемелерінің жұмысын уақытша тоқтатып, жабылуына, банкротқа ұшырауына, жекешелендіріп, қайта құрылуына байланысты құрлымдық жұмыссыздық болды, ал қазіргі таңда біздің елдің жұмыссыздық деңгейі 2012 жылы 5,3% құрады. Жұмыс деңгейінің төмен болуының басты себептері:

Жұмыс орындарының аз болуы, жалақының төмендігі, кәсіпорындардың аз болуы, жастардың жұмыс стажы болмауымен байланысты жұмысқа алмау және т.б

Бұл мәселелерді шешу жолдарн Ел басы өзінің жолдаулары мен стратегияларында белгілейді. 2012 жылғы жолдауында жұмыссыздық проблемасын шешуге байланысты 3 бағытты анықтаған болатын

Оқыту мен жұмысқа орналасуға септесудің тиімді жүйесін жасау

Ауылды жердегі кәсіпкерлікті дамыту

Еңбек ресурстарының жинақтылығы

Инфляция - бұл бағаның өсуінен, тауарлар тапшылығынан және тауарлар және қызметтер сапасының төмендеуінен туындайтын ақшаның құнсыздануы, сондай –ақ оның сатып алу қабілетінің төмендеуі.

Қазіргі инфляция мына факторларға байланысты:

Ақша айналысының факторларына: бюджет тапшылығын жабуға пайдаланған, шексіз көп ақшаның эмиссиялануы есебінен айналыс аясының артық ақша массасына толып кетуі

Ақшалай емес факторларға: қоғамдық өндірістегі теңсіздікке, шаруашылықтың шығындық тетігіне, мемлекеттің экономикалық саясаты, оның ішінде салық саясаты, баға саясаты, сыртқы экономикалық саясатына байланысты факторлар жатады.

Инфляцияның 2 түрі сұраныс және шығын (ұсыныс) инфляциясы.

Сұраныс инфляциясы мына факторларға байланысы туындайды:

-Әскери шығындардың өсуі;

-Мемлекеттік бюджет тапшылығы және ішкі қарыздардың өсуі;

-Импортталған инфляция;

-Ауыр өнеркәсіп саласына өте көп мөлшерде инвестиция жұмсау.

Шығын инфляциясы – баға белгілеу үдерісіне әсер ететін келесіндей факторларды сипаттайды:

-Еңбек өнімділігінің өсуін азайту және өндірістің құлдырауы;

-Энергетикалық дағдарыс;

Қазақстанда жалпы инфляция және базалық инфляция анықталады. Жалпы инфляцияны Үкімет пайдаланса, ал Ұлттық Банк базалық инфляцияны пайдаланады.

Инфляцияның тигізетін әлуметтік – экономикалық салдарларын мынадан көруге болады:

-Халық топтары, өндіріс аясы, аймақтар, шаруашылық құрлымдары, мемлекет, фирмалар арасында, дебиторлар мен кредиторлар арасында табыстардың қайта бөлонуі;

-Жұмыссыздықтың өсуі;

- Халық шаруашылығына инвестицияның қысқаруы;
- Амортизациялық қорлардың құнсыздануы;
- Ұлттық валютаның сатып алу қабілетінің төмендеуі;
- Қоғамның әлеуметтік топтарға бөлінуі;

Инфляция әрбәр ел мемлекет үшін зиян, Ұлттық бан инфляцияны қадағалап, инфляцияны бақылап жүзеге аспауын қарастырып отырады. Инфляцияны төмендету жолдары, кейбір мәліметтерде айтылғандай Ұлттық банк қолданып жүрген қарсы шара инфляцияны тежеулік күшін жоғалтқан жоқ. Оның 2 түрі бар теңгенің ставкасын өсіру, айналымдағы басы артық валютаны ұлттық сақтық қорға сатып алу арқылы теңгенің құнын өсуі.

Инфляцияға қарсы саясат – бұл да инфляцияны тежеуіш құралдардың бірі болып табылады. Қазақстанда 2006 жылдың 1-ші наурызында Қазақстан әлемдік бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында атты Қазақстан халқына жолдауында, ақша – кредит саясатының негізгі мақсаты инфляцияны тежеуді қамтамасыз ету болып табылады және бұл мақсатқа жету жолындағы жауапкершілік Ұлттық Банк пен Үкіметке жүктеледі деп атап көрсетті. Осыған орай бүгінгі таңдағы инфляцияның өсуі көп себептерге негізделген және тиісті органдар мен нарық субъектілерінің нақты іс – әрекеттеріне байланысты күрделі көп факторлы құбылыс.

Жалпы осы макроэкономикалық тұрақсыздық, яғни жұмыссыздық, инфляция мәселелері қазіргі таңда өте өзекті мәселелердің бірі болып табылады, қай мемлекетті алатын болсақ та, бұндай проблемалардың бар екенің көре аламыз. Бұл проблемаларды анықтағанан кейін шешу жолдарын іздеп экономикалық дамудың жаңа сатысына көтерілу әр мемлекеттің басты мақсаты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ақша, несие, банктер теориясы: Оқулық – Алматы
2. www.TRK.KZ
3. Magistr.kz
4. Шеденов Ө.Қ. Сағындықов Е.Н «Экономикалық теория»

Алипбекова Толганай, гр. ГМУ-22к КЭУК
Научный руководитель: к.э.н., доцент,
Байгуренова М.А

АЙМАҚТЫҚ САЯСАТТЫ ЖҮРГҮЗУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН МЕХАНИЗІМДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Нарықтық экономикада қаржылар бүкіл аймақтық шаруашылықтың қызмет етуін ретке келтіретін негізгі шарт болып табылады. Сондықтан аймақтың қаржылық ресурстарын тиімді басқару мәселесін шешу пәрменді аймақтық саясаттың жүзеге асырылуын көздейді. Аймақтың қаржылық ресурстары кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың қаржыларынан, бюджеттік және несиелік ресурстардан құралады.

Кез келген реформаны, оның ішінде экономикалық реформаларды жүргізу экономикаға, әлеуметтік салаға және инфрақұрылымды дамытуға орасан зор қаржы ресурстарын салуды талап ететіні белгілі. Осы мақсатта, әсіресе, аймақтардың дамуында жергілікті бюджеттердің атқарар рөлі аса маңызды. Аймақтарда қалыптасатын қаржылық қатынастар негізінен жергілікті бюджеттердің қалыптасуы мен орындалуы арқылы жүзеге асырылады. Жергілікті бюджеттер елдің бюджет жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Ал бюджет жүйесі ең алдымен, мемлекеттің құрылымымен анықталады. Унитарлық мемлекеттердің бюджет жүйесі екі буынды қамтиды: республикалық және көптеген жергілікті бюджеттер. Ал федеративті мемлекеттерде бюджет жүйесі үш буыннан - федералды бюджет немесе орталық үкіметтің бюджетінен, федерация мүшелерінің бюджетінен (АҚШ-тағы штаттардың, Германиядағы жерлердің, Канададағы провинциялардың, Ресейдегі Федерация субъектілерінің), жергілікті бюджеттерден құралады.

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі экономикалық қатынастар мен сәйкес құқықтық нормаларға негізделген әр түрлі деңгейдегі бюджеттерді қамтиды. Бюджеттің әр

түрлі деңгейлері жиынтығында мемлекеттік бюджетті құрайтын республикалық және жергілікті бюджеттердің болуын көздейді[1].

Қазақстан Республикасының аймақтық бірегей бюджеті жергілікті бюджет бола отырып, елдің бюджет жүйесінің дербес буыны болып табылады. Әр жыл сайын заңды түрде Қазақстанның республикалық бюджеті бекітіледі. Осы бюджет арқылы республика аумақтарында бюджеттік үрдіс және бюджеттік реттеу жүзеге асырылады. Жергілікті бюджеттер республикалық бюджет бекітілгеннен кейін, субвенциялар мен бюджеттік алып алулардың шамасы белгілі болғаннан соң барып бекітіледі[2].

Аймақтық саясат механизмдерін жүзеге асыру, соның ішінде әлеуметтік – экономикалық ұдайы өндірістің қоршаған ортамен тепе теңдігінің бұзылуына байланысты, экологиялық қауіпті аймақтарға арнайы мемлекеттік бағдарламалар жасап нақты аймақтардың дамуының өзекті проблемалары шешімін табуы қажет[3].

Шағын және орта қалалардың өркендеуі екі – үш өндірістік кәсіпорындардың қызметіне тәуелді болады. Жалпы жағдайдың экономикалық тоқырауы, инфляцияның күшеюі, шаруашылық қатынастардың үзілуі, көптеген шикізат пен өндіріс түрлерінің сұранысының төмендеуі кәсіпорындардың жұмысын тоқтатуына алып келді. Бұның әсерінен қала және ауылды аймақтарда жұмыссыздықтың белең алуына, жоғары кадрларымыздың басқа елге кетіп қалуына, жергілікті халықтың тұрмысының төмендеуіне алып келді [4].

Экономикалық механизмге деген қажеттілік ұдайы өндіріс циклінде әлеуметтік-экономикалық аспектісінің біртұтастығын сақтауын қажет етеді. Сондықтан, экономиканы дамыту саласында қандай да бір басқарудың шешіміне практикалық қызметі халықтың материалды және мәдени тұрмысын қамтамасыз етуімен бағалануы тиіс. Әлеуметтік даму көрсеткіші тұрғын үй проблемасын шешумен халықтың рухани қажеттілігін қамтамасыз ету арқылы еңбек етуіне әсер етеді. Сондықтан, экономикалық- әлеуметтік шаруашылық салаларының тепе – теңдігін ұстау маңызды болады. Ол мемлекет пен демографиялық ұдайы өндіріс арасындағы кәсіпорындармен жергілікті өзін - өзі басқару органдарының экономикалық жүктеулерді тарату арқылы әлеуметтік әділеттілікті тудыруы қажет. Дәл осы кезде өндіріс шығынымен байланысты шығындардың толық көрсетілуі қажет. Бұл республиканың демографиялық жағдайына еңбек ресурстарын тиімді пайдалануға демеу жасайды және көп еңбек етуді төмендетіп, ғылыми – техникалық прогрестің дамуына жол ашады. Сонымен бірге әлеуметтік бағдарламалар екі маңызды қаржылық ресурстарды қамтиды. Олар: қаржы – несие жүйесі және жергілікті бюджет[5].

Әлеуметтік тұрмыс инфрақұрылымның дамуына кәсіпорындар мен бірлестіктердің еңбек ресурстарының төлем ролін күшейтуге тырысады. Эквивалентті байланыстардың барлық экономикалық жүйе түйіндерімен қамтамасыз етуі, нарықтық жүйенің экономикалық механизмде талап етуі болады.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық жоспарын жүзеге асыру барысында мына төмендегі міндеттерді орындау қажеттілігін қарастырылады:

-өндіріс пен көмекші салалардың, қызмет көрсету, маманданған салалардың өзара байланысты дамуы негізінде жалпы мемлекеттік деңгейден міндеттерді шешуге аймақтың қатысуын қамтамасыз ету;

-өндірістік қорлар, еңбек, су, жер және басқа да жергілікті ресурстарды тиімді пайдалану;

-барлық кәсіпорындардың, ұйымдардың және фирмалардың тиімді жұмыс істеуі үшін мемлекеттік реттеу мен әлеуметтік қатынастар негізінде жағдай жасау;

-аймақтық халқының өмір сүру жағдайын тұрақты түрде жақсарту, олардың әлеуметтік - мәдени, тұрмыстық және басқа да қызмет көрсету түрлерімен қамтамасыз ету;

-меншік формасына қарамастан барлық кәсіпорындар мен ұйымдардың қоршаған ортаны қорғау мен сыртқы экономикалық қызметтің жоспарларын байыту.

Аймақтық комплексті жоспарының негізгі міндеттеріне сәйкес, аймақты жоспарлы басқару ядросына өзара байланысты әлеуметтік экономикалық блоктар жүйесі жатады. Ол блоктар:

-аймақтық өндіргіштік процессінің дамуын білдіретін , өндіргіштік блок;

-шешуші аймақтық және аймақ аралық мәселелер блогы;

-аймақтық әлеуметтік – экономикалық патенциалының даму бағытын сипаттайтын блок;

-халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын, әлеуметтік даму деңгейін сипаттайтын блок;

-сыртқы экономикалық қызмет, материалды өндіріс саласы тарапынан әлеуметтік, экономикалық, инвестициялық, инфрақұрылымдық қызмет блогы[6].

Аймақтық әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарларында кеңейтілген өндірістің бүкіл процесі көрінуі қажет. Территорияның экономикасының дамуындағы құбылыстар мен процесстердің көп жақты және қиын жиынтығын анықтау үшін экономикалық көрсеткіштер қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Баянов Е. ред. "Мемлекеттік және құқық негіздері", Оқулық, Алматы, "Жеті жарғы",- 2012ж.
- 2 "Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан. «Қазақстан-2050» Стратегиясы.
- 3 қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты
- 4 «Аймақтың экономикасын басқару» Алматы 2012ж.
- 5 ҚР әлеуметтік – экономикалық дамуының 2011 – 2012 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары. ОҚО Статистика агентігі. Шымкент, 2013.
- 6 Танкиева. «Жергілікті экономиканы басқару» Алматы-2007ж
- 7 Бердалиев К.Б. «Основы управления экономкой Казахстана». Алматы, Экономика, 2012г.

Сулейменова Алуа, группа ГМУ-22к КЭУК
Научный руководитель: Ст.преподаватель
кафедры ЭТиГМУ Аркенова Ж.Р

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУҒА КӨШУІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ МЕН АЛҒЫШАРТТАРЫ

Елдің орнықты дамуы дегеніміз қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын және келер ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктеріне қатер төндірмейтін даму болып табылады.

Қазақстан Республикасы үшін орнықты дамуға көшу аса қажеттілік болып табылады. Табиғи ресурстарды пайдалану есебінен экономиканың өсуі тек белгілі бір кезеңде ғана болуы мүмкін. Қазіргі жағдайда өсім мен даму неғұрлым озық тетіктерді талап етеді.

Орнықты даму Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясының мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет. Орнықты даму қағидаты Президенттің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында жарияланған Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясының негізінде де тұжырымдалған[1].

Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшуінің осы тұжырымдамасы ел өмірінің барлық салаларында орнықтылыққа қол жеткізу қағидаттарының көрінісін, мақсаттарын, міндеттері мен негізгі тетіктерін айқындайды. Ол үшін дамудың экономикалық, экономикалық, әлеуметтік және саяси факторлары ықпалдасуы және Қазақстан халқының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған біртұтас процесс ретінде қарастырылуы қажет.

Қазақстан Республикасы әлемдік қоғамдастыққа толыққанды қатысушы ретінде ХХІ ғасырға арналған күн тәртібінде (Рио-де-Жанейро, 1992 жыл) және Мыңжылдық саммиті (Нью-Йорк, 2000 жыл) мен Орнықты даму жөніндегі әлемдік саммит (2002 жыл, Йоханнесбург) декларацияларында қойылған міндеттерді орындау жөнінде міндеттемелер қабылдады.

Қазақстан Республикасы орнықты дамуға қол жеткізу бағытында бірқатар шаралар қабылдады.

Қазақстан БҰҰ-ның Орнықты даму жөніндегі комиссиясының, «Еуропа үшін қоршаған орта» және «Азия үшін қоршаған орта мен орнықты даму» процестерінің, орнықты даму үшін Дүниежүзілік кәсіпкерлер кеңесі өңірлік еуразиялық желісінің мүшесі және белсенді қатысушысы болып табылады.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы, Қазақстан Республикасы дамуының 2010 жылға дейінгі стратегиялық жоспары, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі индустриялық-инновациялық даму стратегиясы, Қазақстан Республикасының 2004-2015

жылдарға дейінгі экономикалық қауіпсіздігі тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы қабылданды, Қазақстан Республикасының орнықты даму жөніндегі кеңесі және «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ құрылды[2].

Қазақстандағы саяси ахуал бүкіл әлемге тұрақтылықтың, конфессияаралық келісімнің, еліміздің барлық азаматтарының мүддесінде демократия мен қоғамдық институттарды дамытудың бірегей үлгісін танытып отыр. Қазақстанның орнықты саяси дамуы әлемдік қоғамдастық үшін теңгерімді бастамалардың көзі ретінде еліміздің қалыптасуында маңызды рөл атқара алады және атқаруға тиіс.

Осы орайда Қазақстан өзінің дамуында еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін біршама кедергілерге кезігуде.

Қазақстан Республикасының қазіргі уақытқа дейінгі экономикалық өсуіне негізінен әлемдік нарықтағы шикізат бағасының өсуі мен табиғи ресурстардың елеулі бөлігін тұтыну есебінен қол жетіп отыр. Табиғи капиталдың барынша ысырап болуы мен құлдырауы орын алуда. Ішкі жалпы өнімнің өсуі қоршаған ортаға қалдықтардың көп шығарылуымен болуда. Қазіргі бағалау бойынша, ел аумағының 75%-ға жуығы экономикалық тұрақсыздықтың жоғары тәуекеліне ұшыраған. Шөлейттену проблемасы өткір қойылып отыр. «Тарихи ластанулар», қалдықтарды жинаушылар, тұрақты және жылжымалы көздерден бөлінетін улы заттар қалдықтарының өсуі табиғи ортаның жай-күйі мен халықтың денсаулығына қатер төндіреді.

Ел экономикасының тұрақтылығына төнетін ықтимал қатерлер шикізат секторына елеулі тәуелділік, жекелеген салалардың Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруге дайындық деңгейінің төмендігі, сыртқы қарыздың өсуі, «көлеңке экономика» проблемалары болып табылады. Қазақстан өңірлерінің экономикалық және әлеуметтік жағдайларында айтарлықтай алшақтық бар. Демографиялық жағдай мен халықтың денсаулығының жай-күйінде проблемалар бар, әзірге оның құқықтық, экономикалық, экономикалық сауаттылық деңгейінің жеткіліксіздігі орын алуда. Бұл кедергілерді еңсеру Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшу жолындағы басты кезеңдік міндеті болуға тиіс[3].

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру және оның деңгейін мемлекеттің қаржы-экономикалық мүмкіндіктеріне байланысты арттыру мақсатында 2007 - 2009 жылдары мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

- мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасындағы жауапкершілікті бөлуге негізделген әлеуметтік қамсыздандырудың көп деңгейлі жүйесінің ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеу;

- -міндетті сақтандыруға жататын әлеуметтік тәуекелдердің тізбесін кеңейту. Базалық деңгейде мемлекеттің қаржы-экономикалық мүмкіндіктеріне барабар базалық әлеуметтік төлемдерді арттыру;

- міндетті деңгейде халықты міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесімен және жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтуды кеңейту; сақтандыру (оның ішінде зейнетақы) жинақтары мен инвестициялық кірістің өсуі үшін жағдайлар жасау керек. Зейнетақы активтерін инвестициялау үшін зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру және қаржы құралдарының тізбесін кеңейту жөніндегі шаралар әзірленетін болады;

- әлеуметтік қамсыздандырудың ерікті деңгейінде зейнетақы және сақтандыру жинақтарының ерікті нысандарын ынталандыру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Мүгедектердің өмір сүру сапасын жақсарту, оларды әлеуметтік қолдауды күшейту және олардың қоғамға пәрменді кіруі үшін жағдай жасау жөнінде шаралар қабылданатын болады.

2007 жылдан бастап зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу "айдан айға" қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте, мұқтаж адамдар мемлекет кепілдік берген қызметтерге толыққанды қол жеткізуге тиіс. Жеке меншік секторы субъектілерінің әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін дамытуда қатысуын ынталандыра отырып, оларды белсенді тарту есебінен қосымша қызметтер ұсыну қажет. Әлеуметтік қызмет көрсетудің мемлекеттік стандарттарын енгізу және бәсекелі ортаны дамыту негізінде әлеуметтік қызмет көрсету сапасын арттыру қажет[4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2006 жылғы «22» қарашадағы № 257-Ө бұйрығына қосымша

2. Халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 23 қаңтардағы № 149-ІІ Заңы (2006.05.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

3. "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 9 маусым N 836

4. Қазақстан Республикасының Заңы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

5. Қазақстан Республикасында кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы

6. Қазақстан Республикасында кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы

Жусупов Ойрат, ГМУ 22к
Научный руководитель: доцент.,
Суюндыков Ж.С

ИНФЛЯЦИЯҒА ҚАРСЫ САЯСАТ

Егерде ұлттық экономика экономикалық өсуі төмен тіпті нөлдік қарқынмен мінезделсе, онда өмір сүру деңгейі көтерілуі мүмкін емес. Инфляция әр түрлі әлеуметтік-экономикалық қиындықтар туғызады.

Инфляцияның салдарлары әр алуан, өзара қайшылықта болады және мынадай жағдайларға әкеп соқтырады.

Біріншіден, ол ұлттық табыс пен байлықты қоғамның әр түрлі топтарымен, экономикалық және әлеуметтік институттар арасында қалай болса солай және болжамсыз қайта бөлуіне мәжбүр етеді.

Екіншіден, инфляцияның жоғары қарқыны және баға құрылымының күрт өзгеруі фирмалар мен үй шаруашылықтарының жоспарлауын қиындата түседі. Нәтижесінде бизнес жүргізуде болжамсыздық пен қауіп-қатер көбейеді. Үшіншіден, қоғамның саяси тұрақтылығы төмендейді, әлеуметтік шиеленіс өседі. Жоғары дәрежелі инфляция қоғамның жаңа құрылымына көшуге жол ашады.

Төртіншіден, экономиканың ашық секторындағы бағаның өсуінің шамамен жоғары қарқындылығы ұлттық тауарлардың бәсекелік қаблетін төмендетеді. бұның нәтижесінде импорт өседі, экспорт төмендейді, жұмыссыздық көбейеді және тауар өндірушілер ойсырады.

Бесіншіден, тұрақтылығы жоғары шетел валютасына сұраныс өседі. Капиталдың шетелге кетуі өседі, валюта нарығында спекуляция үдей түседі. осылар бағаның өсуін жылдамдатады.

Алтыншыдан, ақша формасында жасалған жинақтың нақты құны төмендейді, нақты активтерге сұраныс өседі.

Жетіншіден, мемлекеттік бюджеттің құрылымы өзгереді және нақты табыстары төмендейді. мемлекеттің экспансионистік фискалдық және монетарлы саясат жүргізуге мүмкіндігі шектеледі

Сегізіншіден, жұмыспен толық қамтамасыз етілмеген жағдайда қызмет ететін экономикадағы орташа инфляция, халықтың нақты табысын шамалы төмендетіп, оның көбірек және бұрынғыдан да жақсы еңбек етуін талап етеді. Тоғызыншыдан, стагфляция жағдайында инфляцияның жоғары дәрежесі үлкен жұмыссыздықпен ұштасады.

Оныншыдан, әр түрлі тауарлардың салыстырмалы бағалары және олардың өндірішінің көлемі ұқсас емес бағыты жылжып отырады.

Инфляцияға қарсы саясат деген бұл инфляцияны төмендетуге бағытталған мемлекеттік реттеу құралдарының жиынтығы. XX ғ. 60 жылдарынан бастап бағаны тікелей түрде және жанама түрде реттеу мақсатымен барлық экономикаға ортақ шаралар қолданыла бастады.

Тікелей реттеу табыстар саясаты шеңберінде жүрді. Табыстар саясатын шартпен екі бағытқа бөлуге болады: жалақы мен бағалар өсуінің нысаналарын белгілеу және осыларға тікелей бақылау жүргізу. Осыларды қолдана отырып нақты табыстар мен бағаның өсуін төмендетуге тырысқан жағдайлар болған. Нысаналарға еркін орындалуға тиісті ережелердің жиынтығы жатады. Бақылауға заң актілерінің күші тән болады. Нысаналар ретінде баға мен

жалақы ставкалары өсуінің максималдық шегі пайдаланылған. Жалақы ставкаларының өзгерістері әдетте барлық экономикадағы еңбек өнімділігінің өсу қарқындылығымен байланыста болады; бағалардың өзгерістері еңбекақыға жұмсалған шығындардың өзгерістерін өтеу үшін жүргізіледі. Осы бағыттың мәні мынада: жалдамалы жұмыскерлердің табысы реттеледі, ал пайда - жанама түрде баға рқылы реттеледі.

Бағаға ықпал жасаудың жанама әдістеріне монетарлық және фискалдық саясаттың дефляциялық шаралары жатады. Алғашқыда олар циклға қарсы саясат көлемінде қолданған болатын. Орталық банк инфляцияның күшеюіне байланысты ақша массасының өсуіне, ерілетін несиенің көлеміне, есепке алу ставканың өсуіне және ашық нарықта сатылатын мемлекеттік құнды қағаздардың міндетті резервтерінің нормасына бірте-бірте шектеу еңгізеді.

Айналымдағы ақшаның көлеміне шек қоюдан басқа, мемлекет фискалдық әдістер арқылы жиынтық сұранысты азайтуға тырысады: мемлекеттік сатып алуға және инвестицияларға шек қойып, жеңілдіктерді жойып, немесе тікелей және жанама салықтарды өсіріп, амортизациялық реттейтін ережелерді қатайтады.

Қазақстанда инфляцияның дамуы сұраныс пен ұсыныс инфляциясының әр қилы ұштасуын қолдану арқылы жүріп отырады. Қазақстанда ақша массасының өсуінің үш себебін атап көрсетейік:

◆Біріншіден, бюджеттік тапшылықты қаржыландыру үшін орталық банктерден келген несиелер;

◆Екіншіден, Орталық банктің коммерциялық банктерге несиесі қайта қаржыландыру үшін несиелер;

◆Үшіншіден, ТМД мемлекеттеріне несие – олардың Қазақстанмен саудадағы тапшылығымен байланысты.

Қорытып айтқанда, Қазақстандық экономикадағы инфляциялық процестер шаруашылықтың жалпы құлдырауымен, экономикалық байланыстардың бұзылуымен, тым өсіп кеткен басқару аппаратын қаржыландырумен байланысты. Сондықтан ресурстарды жалпы үнемдеу және бюджет тапшылығын жою инфляцияға қарсы саясат жүргізудің басты құралына айналды.

Инфляциялық үдерістерді реттеуде антимонополиялық саясаттың орны өте зор. Осы мақсатта бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеттің аумақтық бөлімшелері құрылып, 1 шілдеден бастап нақты жұмысқа кірісетін көрінеді. Бәсекелестікті жандандыру үшін металлургия, химия, банк, өндіріс салаларындағы “жасырын монополияларды” жою ісі қолға алынбақ. “Монополистік қызметті шектеу және бәсекелестік туралы” заң жобасы Мәжіліс қарауына ұсынылады. Индустрия және сауда министрлігіне 2007-2009 жылдарға арналған бәсекелестікті қорғау және дамыту саласындағы бағдарламаны әзірлеу тапсырылған. Бұл да маңызды құжат болғалы тұр. Көптеген монополистер өз делдалдары арқылы жұмыс істейтіні жасырын емес. Аралық буындардың көптігінен тариф көтеріліп кетеді де түпкі тұтынушы зардап шегеді. Сондықтан Үкіметтің ендігі бір айналысатын шаруасы делдал құрылымдардың шектен тыс көбеюіне тоқтам салу болса керек. Электр энергетикасы, мұнай өнімдері, табиғи газ сияқты экономика салаларында мұндай аралық делдал буындар тіпті көбейіп кеткен.

Сонымен, инфляцияны ауыздықтауға Үкіметтің мүмкіндігі мол. Әрекет бар. Әдіс те жоқ емес. Тек қапы қалмау жағын ойлау керек. Инфляцияға қарсы шаралардың кешенді жүйесін жасау аз, оны тұрақты түрде қолданып отыру қажет. Сонда ғана инфляция именеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Экономикалық теория негіздері. Оқулық // Алматы «Санат».
2. <https://kk.wikipedia.org/wiki>.
3. Шеденов Ө.Қ. Жалпы экономикалық теория. Ақтөбе-2004.
4. Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарлама.

ҚАЗАҚСТАНДА ӨМІР СҮРУ САПАСЫН АРТТЫРУ ӨЛШЕМДЕРІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БОЛЖАУ

Қазақстан Республикасы өмір сүру сапасын арттырудың негізгі өлшемі болып табылатын өмір сүру сапасы деңгейі бойынша да әлемнің неғұрлым дамыған елдерінен артта қалып келеді. Қазіргі әлемде өмір сүру сапасы негізгі құрамдас бөліктермен: өмір сүрудің ұзақтығымен, әлауқатының деңгейімен және қоршаған ортаның жай-күйімен айқындалады.

Қоғам, табиғат және адам халықаралық университетінің (Дубна, Ресей) өмір сүру сапасы индексі бойынша рейтинг көшбасшысы Норвегияның коэффициенті – 3,83, Ресей – 1,57, Қытай – 0,34-ке тең болғанда, Қазақстан 1,17 коэффициентпен 78-орында тұр [1].

Қазақстанда халықтың денсаулық жағдайы мен адамдардың өмір сүруінің ұзақтығы басқа елдердің көрсеткіштерімен салыстырғанда елеулі түрде артта қалып отыр. Осылайша, халықтың өмір сүруінің орташа ұзақтығы 2005 жылы 65,9 жасты құраса, ал Жапонияда бұл көрсеткіш 80 жасқа жақындайды.

Мемлекеттің әлеуметтік және институционалдық мүмкіндіктері мен халықаралық белсенділігін, халық денсаулығының экономикалық аспектілерін, экономикалық күйзелістерді, экожүйенің жай-күйінің көрсеткіштерін қоса алғанда, 76 параметр есебіне негізделген Йель экономикалық заңнама және саясат жөніндегі орталық (Йель университеті, АҚШ) пен Жер туралы ғылымдар халықаралық ақпараттық желісінің колумбиялық орталығының (Колумбия университеті, АҚШ) экономикалық орнықтылық индексі бойынша Қазақстан Республикасы 63,8 индексімен 70-орында тұр, ал көшбасшы елдер Жаңа Зеландия, Швеция және Финляндияда бұл көрсеткіш 87-88 балға жеткен.

Дүниежүзілік банктің деректері бойынша, табиғи капиталдың тозуы мен жойылуын ескеретін шынайы жинақтау индексі (ШЖИ) Қазақстан Республикасы үшін -25,5-ті құрайды, ал Ресей Федерациясы үшін -4,4, Норвегия +14,8, АҚШ +4,4[2].

Қазақстан адам әлеуетінің даму индексі (АӘДИ) бойынша елдер рейтингінде 80-орынға ие. Алдағы салауатты өмірдің орташа ұзақтығы мен жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнімнің шамасы ретіндегі бұл индекстің осындай құрамдас бөліктері бойынша әлемнің негізгі елдері арасындағы Қазақстан Республикасының жағдайы суретте бейнеленген (Сурет 1).

Алдағы салауатты өмірдің орташа ұзақтығы мен экономикалық тұрақтылық индексінің арақатынасы бойынша Қазақстан Республикасының жағдайы келесі суретте бейнеленген (Сурет 2).

Сонымен, 2024 жылға дейін Қазақстан Республикасы өмір сүру сапасы деңгейі бойынша әлемдегі барынша бәсекеге қабілетті және дамыған елдердің қатарында орнығу үшін ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру, өмір сүру жасын ұзарту, экономикалық орнықтылық индексінің өсуін қамтамасыз ету қажет[3].

Жүргізілген есептеулер әлемдегі бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан тұрақты орын алу үшін Қазақстан 2013 жылдан 2018 жылға дейінгі кезеңде мынадай параметрлерге сәйкес келуге тиіс екенін көрсетеді:

РПТ – кемінде 43 %, ресурстарды пайдалану жиынтығы – кемінде 246,86 ГВт, өндірілген жылдық жиынтық өнім – кемінде 113,1 ГВт.

Болжамға сәйкес, осы кезеңде дәл осындай өлшемдерге әлемдегі неғұрлым бәсекеге қабілетті елу ел сәйкес келетін болады. 53 %-ға тең РПТ кезінде «орнықты даму» траекториясына шығу және жаңартуға келмейтін табиғат байлықтары есебінен емес, неғұрлым тиімді, «озыңқы» технологиялар есебінен экономиканың өсуі қамтамасыз етіледі (Сурет 2).

Қазақстан Республикасы халқының саны өмір сүру сапасын арттырудың маңызды өлшемі болып табылады. Халықтың тығыздығының төмен болуы (шекара айтарлықтай созылған жағдайда) әрдайым мемлекеттің дамуындағы тұрақсыздық факторы болып табылады. Ел аумағының елеулі бөлігі шаруашылыққа игеру үшін қиын және халықты Қазақстанның барлық өңірлеріне бірдей орналастыру міндетін қою мүмкін еместігіне қарамастан, халық санын белгілі бір деңгейде ұстап тұру қажет, сонымен бірге экономикалық мүмкіндіктерді өрістету (ең алдымен, еңбек нарығы проблемасын шеше отырып), қазақстандықтардың көршілес әлем

ұлттарының арасында генетикалық және мәдени әлеуетін сақтау, өңірлер арасындағы атап айтқанда, инфрақұрылымның әлсіздігі мен демографиялық теңсіздікке байланысты жағымсыз саралануды еңсеру қажет[4].

Халық санының неғұрлым оңтайлы мақсатты деңгейі 2024 жылға қарай 18 миллион тұрғынға қол жеткізу болып табылады. Ол үшін табиғи өсім көрсеткішін 1000 адамға шаққанда 12,68-ге (қазіргі кездегі 8,0-ге қарағанда), өмір сүрудің орташа ұзақтығын 73 жасқа дейін жеткізу, туу көрсеткішін 1000 адамға шаққанда өмірге келетін кемінде 22 адам деңгейінде ұстап тұру талап етіледі. Ерлердің және әйелдердің өмір сүруінің орташа ұзақтығындағы алшақтық қазіргі 11 жылдан 7,5 жылға азаюға тиіс.

Экономикалық өсім процесінде өмір сүру сапасын арттыру үшін кедейшілік деңгейін төмендету қажет. Ол үшін 2024 жылға қарай экономикалық орнықтылық индексі ең кем дегенде, қазіргі ең жақсы көрсеткіш – 88 балға дейін жеткізу қажет. Сол арқылы өмір сүру сапасының көрсеткіштерін ең жоғары әлемдік көрсеткіштерге жақындатып, айтарлықтай жақсарту қамтамасыз етілетін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2006 жылғы «22» қарашадағы № 257-Ө бұйрығына қосымша.

2.Халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 23 қаңтардағы № 149-ІІ Заңы (2006.05.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

3."Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 9 маусым № 836

4.Қазақстан Республикасының Заңы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

Жангүтиева Айгерим., гр. ГМУ-12к КЭУК
Научный руководитель: к.э.н, профессор
Шумеков З.Ш

СОЦИАЛЬНЫЕ И ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ МОДЕРНИЗАЦИИ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА

На современном этапе социально-экономического развития Казахстана актуальной задачей является дальнейшая модернизация казахстанской экономики. Осуществление этой задачи требует пересмотра приоритетов, принятия некоторых законодательных и нормативно-правовых актов, разработки механизмов реализации нового экономического курса, который должен стать курсом социальной и экономической модернизации казахстанского общества. При этом будет усилена роль государства, которое защищает интересы всех граждан страны, то есть оно становится социально ответственным.

Однако как подчеркивает Н.А.Назарбаев, провозгласить цель и перевести страну в качественно иное состояние - это далеко не равнозначные задачи: «Формирование самонастраивающегося и социально - ориентированного рыночного механизма для страны, где целые поколения были адаптированы к совершенно иным условиям жизнедеятельности, исторически само по себе предполагает разрешение неординарной, масштабной проблемы, состоящей из целого комплекса сложных задач по системной трансформации».

В настоящее время в экономике нашей страны проявляются негативные тенденции, которые могут препятствовать качественной модернизации казахстанской экономики и устойчивому социально-экономическому развитию Казахстана, это связано, в первую очередь, с тем, что продолжает усиливаться зависимость казахстанской экономики от внешнеэкономической конъюнктуры.

Анализ развития социально-экономической ситуации в стране выявляет следующие проблемы:

1.Существующая модель казахстанской экономики в основном уже исчерпала все возможности активного экономического роста.

2. Казахстанская продукция из-за низкой производительности обрабатывающей промышленности, технической отсталости предприятий, слабой межотраслевой и межрегиональной экономической интеграции внутри страны становится не конкурентоспособной на мировом рынке[2].

Для проведения модернизации казахстанской экономики в стране имеются неблагоприятные факторы, к ним относятся:

1. Низкий уровень жизни населения, особенно в сельской местности;
2. Имеются серьезные проблемы в социальной сфере, особенно, в образовании, здравоохранении, культуре;
3. Остается высоким уровень безработицы, особенно среди молодежи, женщин, сельской местности;
4. Из-за отсталости производственно-технологического аппарата, его физического и морального износа остается низкой конкурентоспособность казахстанских товаров;
5. Наблюдается высокая зависимость Казахстана от конъюнктуры цен на сырье на мировом рынке;
6. Низкая инвестиционная активность;
7. Существующие институты рыночной экономики сегодня недостаточно эффективны[3].

Но в тоже время имеются и благоприятные факторы:

1. Сохраняется контролируемая макроэкономическая стабильность.
2. В стране имеются неиспользуемые и простаивающие производственные мощности, которые можно с меньшими инвестициями ввести в действие.
3. Путем повышения заработной платы можно расширить платежеспособный спрос населения.
4. Путем поддержки малого и среднего бизнеса можно обеспечить занятость населения и повысить платежеспособный спрос.
5. В стране имеются институты рыночной экономики[4].

Поэтому в настоящее время важнейшей задачей экономической политики нашего государства является использование всех имеющихся факторов экономического роста.

Чтобы осуществить модернизацию страны необходимо решить следующие задачи:

1. Усилить роль государства в формировании конкурентоспособной национальной экономики, которая может обеспечить Казахстану достойное место среди развитых мировых государств.
2. В целях обеспечения устойчивости развития страны развивать производственную и социальную инфраструктуру.
3. На основе качественной модернизации производственного аппарата перерабатывающей промышленности и развития новых производств, создать условия для диверсификации экономики.
4. Активизировать внутренние источники накопления для того, чтобы инвестировать экономические преобразования[5].

На современном этапе для Казахстана процесс вхождения в общемировое хозяйство облегчается благодаря сохранившемуся научно-техническому и производственно-ресурсному потенциалу. Реализацию этих условий можно осуществить целенаправленной политикой долгосрочного роста, которая должна составлять основу как перспективной и текущей экономической политики правительства страны. Это, в свою очередь, требует определенных условий при выборе модели развития Казахстана, которая будет направлена на создание эффективной национальной экономики.

Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев в своем выступлении Стратегия «Казахстан-2050» на Новом этапе развития Казахстана» отметил: «Наша главная цель – к 2050 году создать общество благоденствия на основе сильного государства, развитой экономики и возможностей всеобщего труда. Сильное государство особенно важно для обеспечения условий ускоренного экономического роста. Сильное государство занимается не политикой выживания, а политикой планирования, долгосрочного развития и экономического роста»[1]!

Список литературы:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. 14 декабря 2012 г.

2. Андиржанова Г.А. кандидат политических наук. Инновационный Евразийский Университет. Экономическая и социальная модернизация казахстанского общества. 2012.

3. Хорос В.Г., Чешков М.А. Политическая модернизация в посттрадиционных обществах. // Авторитаризм и демократия в развивающихся странах. - М.: Наука, 2012. - 336 с. - С.16

4. Карагодин Н.А. Проблемы выбора рациональной экономической стратегии. // Авторитаризм и демократия в развивающихся странах. - С.274. Москва - 2012.

5. Абылхожин Ж.Б. Традиционная структура Казахстана. Социально-экономические аспекты функционирования и трансформации. - А.: Гылым, 2009. - 100с.

Саханова А., МЭ-22к тобы ҚҚЭУ
Ғылыми жетекшісі: Букатов Е.Б.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ -2020

Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың әсерімен 2008 жылғы күзден бастап Қазақстан Республикасында өндіріс қарқыны төмендей бастады, инфляцияның өсуі байқалды, жұмыспен қамтудың төмендеуі және тиісінше халық табысының азаюы белең алды. 264 кәсіпорын өндірісін толық немесе ішінара тоқтатты. Қырық мыңнан астам қызметкер ішінара жұмыспен қамту режиміне ауыстырылды не ақысы төленбейтін демалыстарға жіберілді. Жұмыссыз халық саны 559,3 мың адам болды (немесе экономикалық белсенді халықтың 6,6%)

Жұмыссыздықтың өсуі, қызметкерлердің одан әрі босатылуы әсіресе өндірістің экспортқа бағытталған салаларында болжанды. Құрылыс, сауда, көлік және байланыс салаларында да жұмыс орындарының қысқару қаупі орын алды.

Осындай жағдайда Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі жұмыспен қамтуға, жұмыссыздықтың айтарлықтай өсуіне жол бермеуге, жұмыс орындарын сақтауға және жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталған арнайы Жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын (Жол картасын) әзірледі.

Жұмыспен қамту 2020 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ұсынған мемлекеттік бағдарлама. Бағдарламаның мақсаты - жұмыспен тұрақты және нәтижелі қамтуға жәрдемдесу арқылы халықтың табысын арттыру.

Мемлекет басшысы өзінің 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауында еңбек нарығының тиімділігін арттыру, табысы аз адамдарды, жұмыссыздар мен өз бетінше жұмыспен айналысушыларды жұмыспен нәтижелі қамтуға жәрдемдесудің белсенді бағдарламаларына тарту міндеттерін жүктеді.

Жұмыспен лайықты қамтуды қамтамасыз ету – халықты әлеуметтік қорғаудың негізі, адам ресурстары әлеуетін дамыту және іске асырудың маңызды шарты, қоғамдық байлықтың артуы мен өмір сүру сапасын жақсартудың басты құралы.

Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру барысында елде қарқынды дамушы еңбек нарығы құрылды, халықтың экономикалық белсенділігі мен жұмыспен қамту деңгейі тұрақты өсуде. Соңғы 10 жылда жұмыспен қамтылған халық саны 6698,8 мыңнан 8141,4 мың адамға артты, ал жұмыссыздық деңгейі 2001 жылғы 12,8 %-дан 2010 жылдың соңында 5,5 % төмендеді.

Для изъятия земельного участка для государственной надобности необходимо, чтобы в ином месте, кроме как на изымаемых земельных участках, необходимый государству объект расположить нельзя. Изъятием земельных участков для государственных надобностей признается такое изъятие, которое осуществляется по государственным программам и проектам, например, для нужд Министерства обороны. Не может рассматриваться как государственная надобность изъятие земельного участка для строительства другого частного дома. В такой ситуации отношения между собственником жилища и будущим застройщиком будут носить договорной характер. Ни суд, ни иной государственный орган не вправе в какой-либо форме вмешиваться в частные договорные отношения и оказывать давление на собственника земельного участка.

При прекращении права собственности на жилище по основанию реквизиции или изъятия (выкупа) земельного участка, на котором расположен дом, члены (бывшие члены) семьи собственника выселяются из жилища и приобретают право на жилище, полученное в качестве компенсации за прежнее жилище. Другие лица, проживающие в прежнем жилище, выселяются без предоставления другого жилого помещения.

В случае, если право собственности на жилище (жилое помещение) прекращено по воле собственника (продажа, дарение), члены семьи собственника, бывшие члены семьи собственника и временные жильцы выселяются без предоставления другого жилого помещения, если по договору с приобретателем жилища не предусмотрено иное.

Перечень случаев принудительного прекращения права собственности указанный в ст. 29 Закона о жилищных отношениях носит исчерпывающий характер. Однако, кроме указанных в этой статье случаев, суд может принять решение о продаже имущества с публичных торгов, поскольку жилище в большинстве случаев неделимо и при возникновении спора между собственниками разделу в натуре не подлежит. Так, согласно п. 6 ст. 218 ГК РК, при явной нецелесообразности проводить раздел общего имущества либо выдел из него доли одному из участников в натуре, с выплатой другим участникам денежной компенсации, суд вправе принять решение о продаже имущества с публичных торгов с последующим распределением вырученной суммы между участниками общей собственности соразмерно их долям.

Список литературы:

1. Закон РК от 16 апреля 1997 г. «О жилищных отношениях» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.12.2012 г.) //www.zakon.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘСІПОРЫНДАРДЫ ДАМУЫ БОЛАШАҒЫ

Кәсіпкерлік (шаруашық) құқыққа қатысты оның мәні және құқықтық табиғатын түсіну үшін, негізгі үш көзқарасты бөліп айтуға болады: Сонымен, бірінші көзқарасқа сәйкес, кәсіпкерлік құқық құқықтың дербес саласы болып табылады [1]. Дегенмен, әрине, оның жақтастары кәсіпкерлік құқық тақырыбының мазмұны мен әдістерінің айтарлықтай өзгергенін түсінеді. Сөйтіп, В.С. Мартемьяновтің пікірі бойынша кәсіпкерлік құқық саласына тауарды, жұмыстарды және қызметтерді өндіру үшін азаматтардың меншігін сатып барысында пайда болған қатынастар көшті, сонымен қатар субъектілердің – шаруаршылық қатынастарына қатысушылардың саны өскен [2]. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықты зерттеудегі екінші бағыт кәсіпкерлік (шаруашылық) заңының белгілі тұтастығын тануға негізделген. Осыған байланысты Ю. Г. Басин кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық азаматтық қосымша саласы, ал кәсіпкерлік (шаруашылық) заң заңының кешенді саласы ретінде әрекет етеді деп айтқан [3].

Үшінші бағыттың өкілдері кәсіпкерлік құқық - бұл жеке-құқықтық және әртүрлі салаларға жататын көпшілік-құқықтық нормаларды біріктіретін құқықтың кешенді саласы дегенді білдіреді [4]. Кәсіпкерлік құқық – құқықтың әртүрлі салалары нормаларын біріктіретін жан-жақты саласы. Құқықтың жан-жақты саласы - бұл жекелеген ғылымдардың пайымдауынша, жартылай сала емес, бұл - құқықтың негізгі саласынан ерекшеленетін сала, Алайда, ол құқықтық институттан және құқықтың қосымша саласынан айтарлықтай дәрежеде өзгеше.

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде мемлекет меншігі үлесі көп емес, бірақ, нақ осы ұлттық экономиканың дамуы үшін қажет қызметтер мен тауарлар шығарушы өздерінің меншікті кәсіпорындарының болуына және бір уақытта мемлекет бюджетін толтыру үшін қажет ақшалай қаражат табуына мүмкіндік береді.

Келтірілген кәсіпорындар Қазақстан Республикасында коммерциялық және коммерциялық емес бастаулардың қосылуында жұмыс істейді.

Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға мемлекеттік кәсіпорын, шаруалық серіктестік, акционерлік қоғам, өндірістік кооператив нысандарында ғана құрылуы мүмкін.

Коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғамдар тұтыну кооперативі, қоғамдық қор

Мемлекет кәсіпорындарды олардың дербестігінің сипатына байланысты үш топқа бөледі:

- 1) Бюджеттік (ведомстволық);
- 2) Қоғамдық (корпорациялар);
- 3) Аралас акционерлік қоғамдар (холдингтер).

Қазақстан Республикасында мемлекеттік кәсіпорынға мына кәсіпорындар жатады:

1) Мемлекеттік, шаруашылық жүргізуге құқығы бар, толық шаруашылық есепке негізделген (қорғаныс зауыттары, дәрі-дәрмек дайындау және т.б.)

2) Қазыналық, жедел басқаруға құқығы бар, толық емес шаруашылық есепке негізделген (байланыс, телекоммуникация, геодезиялық жұмыстар өндірісі және т.б.).

Бірақ мемлекеттің кәсіпкерлік қызметі аталған кәсіпорындармен жұмысын шектемейді. Мемлекеттік кәсіпкерлік қызмет ұлттық экономиканың барлық және мемлекеттің экономикалық әуелетінің дамуына әсер ететін, мемлекеттік бюджетті айтарлықтай толықтыруға, өтпелі экономиканың тұрақсыздығын тұрақтандыруға жол ашатын қызметтің сыртқы экономикалық саласына таралады.

Қазақстан территориясы арқылы төрт трансконтиненталды темір жол магистральдары өтеді: Трансазия (Қытай – Қазақстан – Түркия), Еуроазия (Қытай – Қазақстан – Ресей – Еуропа), Орта Азия және Ақтау теңіз порты арқылы Батыс магистралы. Еуропа – Скандинавия – Иран (Парсы шығанағы) арасында жүктердің тасымалдау уақытын қысқартуды қамтамасыз ететін «Солтүстік – Оңтүстік» жоба қаралуда. Осы аталған магистральдарды жандандыруға және қайта жаңартуға, барлық магистральдар бойынша қосымша жұмыс орындарын құруға, осы магистральдар жоғары табыспен қамтамасыз етуге жол ашады.

Қазіргі кезде Қазақстан мұнайлы аймақтарды игеру жөнінен шамамен 30 мұнай жобасы бар. Теңізден Қара теңіз портына дейін мұнай құбырлары салынууда. Иран Ислам Республикасының территориясы арқылы өтетін және мемлекет территориясында мұнай құбырларын салу туралы мәселелер қаралып жатыр. Мұнайдан түрлі өнімдер жасап шығаратын және қазіргі бар зауыттарды қайта құру туралы келіссөздер жүргізіліп жатыр. Мысалы, ел экономикасының құрылымын айтарлықтай өзгерте алатын және белгілі бір дәрежеде бар сәйкессіздіктерді жоя алатын Қарағанды металлургия комбинатын және басқа да ірі объектілерді қайта құру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. В.В. Лаптаев, С.С. Зенковский. Предпринимательское право. - М. Волтерс Клувер, 2006. 76
2. В.С. Мартемьянов. Хозяйственное право. 1-т Жалпы ережелер: Лекциялар курсы.- М., 1994. 5-7 беттер.
3. Ю.Г. Басин., М.К. Сүлейменов. Гражданское право: жоғарға оқу орындарына арналған оқулық 1-т. - А., 2000. 19-206
4. Н.Ю. Круглова Хозяйственное право. Қысқаша курс: оқу құралы. - М., 2008, 19-246

Рыскул А.С., группа Ю-12-с КЭУК,
Научный руководитель: Дуброва Н.Б.
ст.преподаватель кафедры ПРЭО КЭУК

СОЦИАЛЬНЫЙ ДИАЛОГ В РЕГУЛИРОВАНИИ ТРУДОВЫХ ОТНОШЕНИЙ И ЗАЩИТЕ ТРУДОВЫХ ПРАВ ГРАЖДАН

Одним и важнейших элементов свободы человека, гарантированных Конституцией, является свобода труда, закрепляемая в статье 24 в качестве основополагающего права в сфере труда [1].

В регулировании трудовых отношений и защите трудовых прав граждан принимаются меры по развитию системы социального диалога и усилению государственного контроля за соблюдением трудового законодательства, в том числе рассмотрения заявлений, жалоб и других обращений граждан в целях разрешения конкретных вопросов, связанных с соблюдением их трудовых прав.

Международная Организация Труда приняла в качестве основного структурообразующего элемента систему трипартизма, призванную обеспечить взаимоприемлемый уровень решения социально-трудовых проблем на основе равенства участвующих в переговорах сторон.

В соответствии со статьей 261 Трудового кодекса социальное партнерство в Казахстане предусмотрено осуществлять в следующих формах: коллективных переговоров по подготовке проектов коллективных договоров, соглашений и их заключению; взаимных консультаций (переговоров) по вопросам регулирования трудовых и иных непосредственно связанных с ними отношений, обеспечения гарантий прав работников в сфере труда и совершенствования трудового законодательства; участия представителей работников и работодателей в досудебном разрешении трудовых споров [2].

Несмотря на то, что институт социального партнерства является относительно новым для постсоветских республик, его развитие можно охарактеризовать как весьма динамичное.

На сегодняшний день основными сторонами социального партнерства являются государственные органы, профсоюзы, объединения работодателей. Трудовым кодексом РК за ними закреплены равные возможности и права по налаживанию социально-трудовых отношений и конструктивного диалога. Вместе с тем каждая из сторон имеет свои цели и задачи в области социального диалога.

29 декабря 2011 года было подписано Генеральное соглашение между Правительством Республики Казахстан, республиканскими объединениями работников и республиканскими объединениями работодателей на 2012-2014 годы. Этот документ определяет и согласовывает позиции и обязательства по основным принципам регулирования социальных и трудовых

отношений на уровне республики между участниками Республиканской трехсторонней комиссии – Правительством, профсоюзами и работодателями [3].

Одной из проблем социального диалога является его слабость на отраслевом уровне. Необходимо решать эту проблему, с которой сталкиваются социальные партнеры, с целью дальнейшего укрепления институционального потенциала организаций работодателей и работников, в том числе и на отраслевом уровне.

В стране получила широкое развитие одна из главнейших форм социального партнерства – социальная ответственность бизнеса. Компонентом продвижения социальной ответственности бизнеса является проводимый с 2008 года Министерством труда и социальной защиты населения на основе данных Управлений координации занятости и социальных программ регионов мониторинг меморандумов по реализации социальных проектов.

17 февраля 2012 года принят Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Трудовой кодекс Республики Казахстан» в соответствии с которым в области социального партнерства предусмотрены нормы, направленные на повышение существующих форм и методов обеспечения представительства интересов сторон, коллективных отношений.

Ключевым фактором коллективно-договорного процесса выступает вопрос о том, каким образом разрешаются возникающие споры между сторонами.

Во многих странах государство оказывает серьезное воздействие на коллективно-договорный процесс. Принципиально то, что предложения государства, связанные с регулированием коллективно-договорной сферы трудовых отношений, носят преимущественно рекомендательный характер и призваны оказывать лишь косвенное давление на социальных партнеров.

Настоящим вызовом институту социального партнерства в Казахстане является Жанаозеньский конфликт. На сегодня требуется активное использование существующих механизмов для отстаивания профсоюзами интересов работников с уже имеющимися в законе рычагами давления на администрацию предприятий [4].

При оценке казахстанского опыта социального партнерства, можно сделать вывод о том, что становление системы социального партнерства успешнее всего идет в институциональном и нормативно-правовом плане. Важнейшие принципы и ценности социального партнерства еще не укоренились в общественном сознании и деловой практике, как это имеет место в развитых странах мира. Это обусловлено тем, что формирование социального партнерства в Казахстане началось сверху – с принятия законодательных актов и создания структур государственного уровня для участия в регулировании социально-трудовых отношений. Пробелом системы социального диалога является также отсутствие ответственности за невыполнение сторонами принятых обязательств.

Список литературы:

1. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года)
2. Трудовой кодекс Республики Казахстан от 15 мая 2007 года № 251-III
3. Генеральное соглашение между Правительством РК, республиканскими объединениями работников и республиканскими объединениями работодателей на 2012-2014 годы
4. Жусупова А.Д. Становление социального партнерства в Казахстане. // <http://www.kisi.kz>

Сагадиев О. Ю-33к

Ғылыми жетекші: Амантай А.,
оқытушы, заңтану магистрі ҚҚЭУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Сақтандыру нарығы - сақтандыру бойынша қызметтер көрсету саласы, яғни сақтандыру қызметтерін көрсетуге сұраныс пен ұсыныстың қалыптасу аясы. Көрсетілетін тиісті қызметтерді ұсынатын түрлі сақтандыру ұйымдары (сақтандырушылар) арасындағы, сондай-ақ

сақтандыру қорғанышына мұқтаж заңды және жеке тұлғалар арасындағы қатынастарды көрсетеді. Сақтандыру нарығы тәуелсіз сақтандыру ұйымдарының сақтанушыларды тарту, ақшалай қаражатты сақтандыру қорларына жұмылдыру үшін бәсекелесуін көздейді.

Әлемдік практикада сақтандыру нарығы мемлекеттік (ұлттық), аймақтық және халықаралық сақтандыру нарығы түрлеріне бөлінеді. Ұлттық сақтандыру нарығы елдің заңнамасымен реттеледі. Аймақтық сақтандыру нарығы (Мысалы, ЕК, араб елдері шеңберінде) не жалпы заңнама негізінде немесе тиісті сақтандырушылардың келісімдері негізінде жұмыс істейді. Халықаралық сақтандыру нарығы әдетте, сақтандырушы елдердің сыртқы экономикалық ынтымақтастығымен байланысты түрлері бойынша қалыптасады. Сақтандырудың мұндай түрлерінің ғалами мәселелерін шешу үшін одақтар (қауымдастықтар) құрылады, Мысалы, Халықаралық теңіз сақтандыруы одағы (1874), Халықаралық әуе сақтандырушылары одағы (1934) [1, 89].

Жалпы сақтандыру қызметі кез - келген өркениетті мемлекеттің шешуін табуы тиіс ең басты мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені қоғамдағы әлеуметтік жағдайдың дұрыс қалыптасуында сақтандыру қызметінің алатын маңыздылығы өте зор. Бұл қажеттіліктен Қазақстан да шет қалмауы тиіс.

Сақтандыру қызметінің дұрыс жүзеге асырылуы үшін бұл қызметке мүдделі тараптардың арасында өзара сенімді келісім болуы керек. Сондай-ақ, бұл келісім құқықтық жағынан жоғары деңгейде қамтамасыз етілуі тиіс. Осы тұрғында сақтандыру қызметі сақтандыру шарты арқылы жүзеге асырылады. Бұдан біршама уақыт бұрын сақтандыру қатынастарын кешенді реттейтін заң актісі болып Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 3 қазандағы «Сақтандыру туралы» заң күші бар Жарлығы саналды. Содан кейін 2000 жылдың 18 желтоқсанында Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» жаңа заңы қабылданды, қазір ол заңгерлер тарапынан жоғары бағаланады. Онда сақтандыру ісін ұйымдастыруды қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келтіруді қамтамасыз ететін шаралар қарастырылған. Әйтседе сақтандыру саласында шешімін тауып реттелетін мәселелер де бар [2].

Ал, азаматтық – құқықтық қатынастарды реттейтін нормалар көбінесе Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 803 – 805 баптарын қамтитын «Сақтандыру» деп аталатын 40 – шы тарауында мазмұндалған [3]. Сақтандырудың жекелеген түрлерін реттейтін бөлек нормативтік актілердің де бірқатар саны бар, мысалы, міндетті көлік, әлеуметтік, медициналық, экологиялық сақтандыруға қатысты заңдар, 1996 жылдың 31 қазанындағы №1319 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 1997 жылдың 2 сәуіріндегі №460 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген және т.б.

Сақтандыру қызметіне бақылау жүргізу туралы ережелер Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 30 наурызында қабылданған «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заңында мазмұндалған. Сонымен бірге сақтандыру туралы жекелеген нормалар Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 31 тамызындағы «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңында да бекітілген.

2013 жыл 4 ақпанда «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңның 23-1 бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру Қорынан жүктілігіне және босануына байланысты төленетін әлеуметтік төлем мөлшері соңғы он екі айдағы орташа табысы ең төмен жалақы көрсеткішінің он еселенген мөлшері-мен (186600) анықталмақ. Жұмысшы жалақысының 5 пайыз мөлшерінде Қорға жұмыс беруші тарапынан төленетін әлеуметтік аударымдар ең төмен жалақының он еселенген мөлшерімен есептеледі. Жұмыс беруші тарапынан төленетін ең жоғарғы әлеуметтік аударымдардың мөлшері биылдан бастап 9330 теңгені құрамақ [4].

Мемлекет бұдан бұрын жеткілікті қуатты әлеуметтік кепілдіктер жүйесін қамтамасыз етуге қабілетсіз болып шықты. Кепілдіктерді қамтамасыз ету міндеті қазір сақтандырудың «иығында» болып тұр. Осымен бірге бірқатар мамандықтардың қауіптілігінің дәрежесі өсе түсті.

Қазақстан Республикасында нарықтық қайта қалыптасу кезеңінде сақтандыру саласында ең маңызды өзгерістер басталуына негіз қалаған заңдардың, өзге нормативті - құқықтық актілердің қабылдануына әкелді. Бірінші кезекте өзін тиімсіз қылып көрсеткен сақтандырудың толығынан мемлекеттік жүйесінен бас тартылады. Бәсекеге негізделген сақтандыруға жол берілді. Сақтандыру мен әлеуметтік міндеттерді орындаудың маңыздылығын есепке ала отырып, мемлекет сақтандырудың дамуын бақылаусыз өз бетімен жібере алмады. Сондықтан

сақтандырудың дамуы қазіргі заманғы құқықтық салалардың бірінің сақтандыру құқығының дамуымен бірге болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қаржы-экономика сөздігі. - Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, «Зияткер» ЖШС, 2007. 89 б.
2. «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126 Заңы
3. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (1994 жылғы 27 желтоқсандағы жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының ерекше бөлім 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі (өзгерістер мен толықтырулар ҚР 2012.01.12 № 539-IV)
4. Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі № 405-II Заңы (өзгерістер мен толықтырулар 04.02.2013)

Сарсенбаева А., Ю - 21к тобы ҚЭУК
Ғылыми жетекші: аға оқытушы,
магистр Хауия С.

ФРАНЧАЙЗИНГТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

«Франчайзинг» термині «franchise» француз сөзінен шыққан. Ол «жеңілдік, артықшылық» дегенді білдіреді, яғни франчайзинг бұл - өзінің тауарлық атауымен саудалық маркасын, тауарларды сатумен, қызмет көрсетуді қолдану құқығын жеке тәуелсіз кәсіпорындарға құқықты белгілі бір сыйақы үшін жасалатын байланыс түрі.

Алғашқы франчайзинг келісімі XIX ғасырда тігін машинасын өндіретін компания мен оның диллеі арасында жасалды. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін франчайзинг принциптері фармацевтикалық бизнес, бөлшек сауда және қонақ үй кешені саласында кең қолданыла басталды. Франчайзингтің бастапқы пайда болу мекені – АҚШ - та ол тауарлар мен қызметтерді сату, сатылған күрделі тауарларға сервистік қызметтер көрсету қажеттілігіне байланысты дистрибуторлық желіні құру, кеңейту және жетілдіру мәселелері туындаған кезеңде кеңінен таралды. Әйгілі «Зингер», «Форд», «MSDonald s» сауда маркалары франчайзинг қатынастары негізінде дамыған.

Франчайзингтің әлемдік жылдық тауар айналымы триллон АҚШ долларынан астам соманы құрайды, оның әлемдік франчайзингтік 20 мың желілерінде 30 миллионнан астам адам қызмет етеді. Шетелдердегі франчайзингті қолданудың көпжылдық тәжірибесі оның іскерлік тиімділігін дәлелді түрде көрсетеді. Бүгінгі таңда франчайзингтік желілердің саны бойынша әлемдік көшбасшысы - Қытай, оның 3000 - нан астам франчайзингтік желілері бар, екінші орында АҚШ, үшіншіде Жапония тұр.

Қазақстан Республикасында франчайзингті жүзеге асыру негізі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 45 бөлімінде көрсетілген. Сонымен қатар, 2002 жылы 24 маусымда Қазақстан Республикасының «Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы Заңы қабылданды.

Нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттерде қазіргі кезеңде комерциялық сауда, әрі франчайзинг шартында тауар сату және қызмет көрсету үрдістері кең көлемде ұлғаюда. Франчайзингтің мақсаты - құқық иеленушінің өндіретін немесе сататын тауарларды немесе қызмет көрсетулерді нарыққа шығаруға көмектесу. Бұл жерде құқық иенуші (франчайзер) - ерекше құқықтарға ие және қолданушыға сол құқықтарды пайдалануға рұқсат беретін тұлға. Қолданушы (франчайзи) - ерекше құқықтарды қолдануға мүмкіндік алатын тұлға. Құқық иеленуші де, қолданушы да франчайзинг келісім-шартын жасасу кезінде жеке кәсіпкер ретінде тіркелуі тиіс [1, 1056]

Қазақстан франчайзинг қауымдастығының мәліметтері бойынша елімізде 120 франчайзинг жүйесі, 1000 франчайзинг кәсіпорындары бар. Мысалы, Қазақстандағы франчайзингтік қатыстардың даму кезеңдеріне тоқталар болсақ: бірінші кезең: 1994 - 1999 жылдар аралығында пайда болған компаниялар: «Рахат Палас», «Сеймар», «Дока», «Анкара», «Рамстор», «Adidas», «Kodak», «Coca-Cola».

Негізгі сипаттамалары:

1. Франчайзингті реттеуші нормативтік құқықтық базаның болмауы;
2. Нарықта бәсекелестік жоқтың қасы;
3. Жекелеген шетелдік компаниялар іс-әрекет аумағын кеңейту мақсатында Қазақстандық нарыққа шықты.

Екінші кезең: 2000 - 2004 жылдар аралығында пайда болған компаниялар: «Баскин Роббинс», «II Patio», «World Class», «Business Consult», «Scot Holland Estates», «Max Sela», «Планета Суши», «Пятерочка», «Три толстяка».

Негізгі сипаттамалары:

1. Франчайзинг туралы заң қабылданды;
2. Шетелдік ірі фирмалардың франчайзилерінің нарыққа шығуына байланысты бәсекелестік қалыптасты.

3. Қазақстан Франчайзинг Қауымдастығы құрылды.

Үшінші кезең: 2005 жылдан бастап құрылған: «English First», «Tiffany Marble», «Umex Realty», «Finn Flare», «Arguatoria of Luxury Life», «Алма-TV».

Негізгі сипаттамалары:

1. Санаткерлік меншікке, франчайзингке қатысты заңнама белсенді түрде қолданылуда.
2. Франчайзинг көрмесі ұйымдастырылды.
3. Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры франчайзингті несиелеу бағдарламасын әзірледі.
4. Бәсекелестік қарқынды түрде дамыды.
5. Медиа және әлеуметтік франчайзинг пайда болды.

Франчайзинг шарты әртүрлі салаларда қолданылады. Патенттердің тауар белгілері мен интеллектуалдық меншіктің басқа да нысандарының иелері оларды басқа тұлғаларға лицензия бере отырып шетелде жиі пайдаланылады. Яғни, франчайзинг кең таралған халықаралық жеке құқықтық институттардың бірі болып табылады.

«Coca-Cola», «Baskin Robbins», «MacDonalds», «World Class» - бұлар ең танымал франчайзерлер. Осы компаниялар дүние жүзіне осы франчайзинг арқылы таралуда. Әлемдік баспасөздегі деректерге сүйенсек, дүние жүзінде франчайзингтің жылдық айналымы 2 триллион АҚШ долларын құрайды екен. Ал франчайзинг өкілеттіктері саны 2 –млн - ға жеткен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы» ҚР Заңы. 24 маусым, 2002ж // «Юрист» базасы №330
2. «ҚР Азаматтық кодексі» 27.12.1994ж (өзгертулерімен толықтыруларымен бірге)
3. Бекнұр Сейітжанұлы. Қазақстандағы франчайзинг. - А, 2005
4. А.С.Манап. Қызмет көрсету саласындағы франчайзингтің қалыптасуы мен даму бағыттары. Автореферат. - Алматы 2008 ж

Серікбай Дана., П-28к Экономика, бизнес және құқық колледжі

Ғылыми жетекші: оқытушы Ахметова А.М.

ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК «ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫ ҚАЛЫПТАСҚАН МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАҢА САЯСИ БАҒЫТЫ

Біздің қоғамда уақыт сынына төтеп бере алатын жаңартылған және әлдеқайда тиімді әлеуметтік саясатқа деген сұраныс өсіп келеді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, әлеуметтік саясаттың мінсіз және әмбебап үлгісі жоқ. Бұл барлық азаматтары сол әлеуметтік жүйеге қанағаттанатындай бірде-бір қоғамның жоқтығы сияқты.

Әлеуметтік қауіпсіздік және азаматтардың бақуаттығы мәселелерін шешу – бұл әрбір қазақстандыққа әсер ететін қиын және өте маңызды міндет. Сондықтан бұл тұста әр қадам мұқият ойластырылған болуы тиіс.

Әлеуметтік саясаттың жаңа қағидалары:

Біріншіден, мемлекет, әсіресе, жаһандық дағдарыс жағдайында, азаматтарға ең төменгі әлеуметтік стандарт кепілдігін беруі тиіс.

- Ең алдымен, тұлғаның қажеттіліктері тізімін кеңейту және оған білім беру мен денсаулық сақтау баптарын енгізу (соның ішінде, жұмыссыздар мен еңбекке қабілетсіздер үшін оларды барынша әлеуметтендіру мақсатында), саламатты тамақтану және саламатты өмір салты, зияткерлік және ақпараттық сұраныстарын өтеу, т.б.

- Нақты бағалар бойынша тұлғаның қажеттіліктерінің құнының есебі (тиісінше, елдегі статистиканы жетілдіру қажет).

- Экономиканың өсіміне байлаулы өмір сапасының стандарттарын кезең-кезеңмен сапалы арттыру.

Осы стандарттарды сақтау бүкіл әлеуметтік саланы бюджеттік қаржыландыру көлемін айқындауы тиіс. Бұл бюджеттік процестердің ашықтығын арттырады және біздер бөлетін қаражаттың атаулылығын күшейтеді.

Екіншіден, мемлекет әлеуметтік қолдауды тек бұған мұқтаж топтарға ғана көрсетуі тиіс.

- Мемлекет қоғамның әлеуметтік жағдайы төмен топтарына – зейнеткерлерге, мүгедектерге, еңбекке жарамсыздарға, науқас балаларға және т.б. атаулы көмек үшін толық жауапкершілік алатын болады.

- Ұдайы әлеуметтік және зейнетақылық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіріп отыру, ананы және баланы жан-жақты қорғау қажет.

- Жұмыссыздарды оқыту мен қайта даярлаудың еңбек нарығына бейімделген айқын бағдарламалары болуы керек. Мемлекет жұмыссыздарға әлеуметтік қолдауды бұл санатқа жататын адам жаңа мамандық менгеріп, қайта даярлықтан өтуге бет бұрған жағдайда көрсетуі керек.

- Жұмыс берушілер халықтың әлеуметтік жағдайы төмен топтарын жұмысқа белсене тартып, оларды еңбек ақымен қамтамасыз ететіндей жағдай туғызу қажеттігі маңызды. Ең алдымен, бұл мүмкіндігі шектеулі адамдарға қатысты. Әлемнің дамыған елдерінде осылай жасайды. Мемлекеттік жәрдемақыны тек шынымен нақты жұмыс істей алмайтындар ғана алуы тиіс. Жұмысқа мүгедектерді алып, оларға жағдай жасайтын компаниялар мен корпорацияларды көтермелеу керек.

Үшіншіден, өңірлерді дамытуда әлеуметтік теңгерімсіздік мәселелерін шешуге назар аударуға тиіспіз.

Қазіргі кезде бірқатар өңірлердің экономикалық баяу дамуы еңбекпен қамтудың қамтамасыз етілмеуіне алып келеді. Халықтың кірісінің деңгейі тербеліп тұр.

Ең алдымен, мемлекеттік органдардың өңірлік даму саласындағы жұмыстарын үйлестіруді күшейту қажет.

Міндет – мемлекеттік және салалық барлық бағдарламалардың орындалуын өңірлерді дамытудың басымдыққа ие міндеттерін шешумен үйлестіру.

Жаңа кезеңдегі әлеуметтік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ана мен баланы қорғау. Ананы қорғау.

Мемлекет үшін анамен баланы қорғау – ерекше мәселе. Еліміздің болашақта қандай болатыны балалардың бойына қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты.

Ең алдымен, біз қыздарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек. Олар – болашақ жар, болашақ ана, шаңырақтың шырақшылары.

Қазақстан – зайырлы мемлекет. Азаматтарды ар-ождан бостандығымен қамтамасыз ете отырып, мемлекет, дегенмен қоғамға өз бетімен біздің дәстүріміз бен заңдарымызға қайшы келетін әлдебір қоғамдық нормаларды тықпалайтын әрекеттерге өте қатаң қарсы тұратын болады.

Баланы қорғау.

Бейбіт өмірдің өзінде бізде мыңдаған жетімдер бар – балалар үйлері толы. Бұл, өкінішке қарай, жалпы әлемдік үрдіс және жаһанданудың сынағы. Бірақ біз бұл үрдіспен күресуіміз керек. Мемлекетіміз бен қоғамымыз жетімдерді асырап алуды және отбасы типіндегі балалар үйлері салынуын көтермелеуі қажет.

Ерлердің әйелдер мен балаларға мүлдем жауапсыз көзқарас танытқан оқиғаларының саны өсуде. Бұл біздің дәстүрімізге, мәдениетімізге тіптен жат.

Балалар – қоғамымыздың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі және олар құқықсыз болуға тиіс емес.

Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек.

Баланы білім мен еңбекке дайындау – ата-ананың борышы.

«Бар жақсылық балаларға» ұраны барлық ата-ана үшін қағидаға айналуы қажет.

Сусан Р.Ж. МЮ-12-2 КУ «Болашақ»

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к., доцент

Ильясова Г.А.

МЕМЛЕКЕТТІК ЖЕКЕ МЕНШІК ӘРІПТЕСТІКТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің жаңа нысандарын енгізу және олардың қолданылу салаларын кеңейту бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы Елбасы Жолдауына сәйкес мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту үшін жағдай жасауға қатысты әзірленген. Онда мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің жаңа нысандары мен келісім-шарттық мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің жаңа модельдерін енгізуге, әлеуметтік бағыты бар инвестициялық жобалар бойынша жеке сектор үшін тартымды жағдайлар жасауға бағытталған өзгерістер қарастырылған. Заңды барынша шынайы өмірге лайықтау қажет, өйткені, бұл заңмен тек мемлекеттік институттар ғана емес, ең негізгісі, бизнес-қауымдастық жұмыс істейді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жөніндегі үйлестіру кеңесі Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласындағы қызметті үйлестіру мақсатында құрылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Бұл кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы ережені басшылыққа алады. Қазіргі уақытта жаңа істің бастауына айналған мемлекеттік-жеке әріптестікті дамытуға айрықша көңіл бөлінуде. Бұл ретте Ақтөбе аймағы басқа өңірлерге өзіндік үлгісін көрсетіп отыр. Республикамызда осы бағытта жүзеге асырылған екі ұшқыр жобаның бірі - «Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы» электр желісінің тартылуы осының айғағы. Елбасымыздың өзі мемлекеттік-жеке әріптестікті өрістетуге, оның тиімділігіне назар аударып отыр, әсіресе, қазіргідей ел экономикасын көтеру, сонымен бір қатарда әлеуметтік мәселелерді шешу барысында тиімді болмақшы. Сол уақытта мемлекет жеке инвесторларға балалар бақшалары, емханалар, ауруханалар секілді басқа да әлеуметтік қамту саласындағы құрылыстарды бере алады. Бұл - шын мәнінде көптеген күрделі мәселелерді оңтайлы шешуге жола ашары анық. Тәжірибеде әлі күнге дейін кәсіпкерлердің өзі мемлекеттік-жеке әріптестікті жете түсіне бермейтін сынайлы. Өйткені, бұл ынтымақтастықтың мейлінше жаңа түрі болғандықтан, оның механизмінің өзі жетілдіруді қалайды.

Мемлекеттік-жеке әріптестік экономикалық қызметтің қатысушылары үшін өзара теңдестік жағдайында мол мүмкіндік ашатындығы оның басымдығы болып табылады. Мемлекеттік-жеке әріптестік әлеуметтік нысандар құрылысы, су тазалау, қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу бағыттарында өз жобаларын жеке секторлардың әлеуетін пайдалану арқылы жүзеге асырады. Мемлекеттік-жеке әріптестік механизмінің өзі қазірден-ақ тиімділікке жеткізетіндігін көрсетіп отыр. Осындай ынтымақтастық нәтижесінде жаңа нысан дүниеге келді.

Халықаралық практикада МЖӘ тетіктерін белсенді пайдаланған кезде бірыңғай МЖӘ анықтамасы және оның түрлерінің жалпы қабылданған жіктемесі жоқ, әр ел МЖӘ ұғымы мен оның түрлерін дербес және тәуелсіз түрде айқындайды. Мысалы, Еуропа Одағы «Мемлекеттік жеке меншік әріптестік және ЕО-ның мемлекеттік келісімшарттар мен концессиялар туралы заңнамасы туралы» Жасыл кітапқа (Green Paper) сәйкес МЖӘ-ні мемлекеттік органдар мен бизнес арасындағы инфрақұрылымды қаржыландыруды, салуды, оңалтуды, басқаруды немесе ұстауды, сондай-ақ қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуге арналған ынтымақтастық нысаны ретінде айқындайды. Францияның заңнамасына сәйкес МЖӘ шарттары әкімшілік шарттар болып табылады, оларға сәйкес мемлекеттік заңды тұлға жеке меншік ұйымға қоғамдық маңызы бар қызметтер көрсету үшін қажет құрылысты қаржыландыруды орындауды; осындай

құрылыс мақсаттары үшін жобалауды немесе конверсиялауды; осындай құрылысқа қызмет көрсетуді және оны басқаруды тапсырады.

Жапонияда МЖӘ-нің жеке қаржыландыруды, басқарушылық қабілет пен техникалық мүмкіндіктерді пайдалану арқылы мемлекеттік объектілерге қатысты шаралар қабылдау жолымен халыққа қол жетімді және сапалы қызметтерді кепілді ұсыну үшін әлеуметтік инфрақұрылымды тиімді жақсарту ретіндегі түрлерінің бірі болып табылатын жеке қаржылық бастамаға анықтама беріледі.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік – құқықтар мен міндеттемелерді, тәуекелдерді, шығындар мен пайданы теңгерімді бөлу жағдайларында мемлекет жауапкершілігінің дәстүрлі саласындағы тиісті шарттарда айқындалатын нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған мемлекет пен жеке меншік субъектілерінің өзара қатынасының жүйесі.

Халықаралық практикада негізінен МЖӘ-нің институционалдық және келісімшарттық екі нысаны бөлінеді.

Жасыл кітапқа сәйкес ЕО келісімшарттық МЖӘ жоба қатысушылары арасындағы келісімшарттық қатынастарға ғана негізделетін әріптестікке жатады. Институционалдық МЖӘ мақсаты жұмыстар мен қызметтерді мемлекет пайдасына орындау болып табылатын мемлекет пен жеке әріптестік қатысуымен бірлескен кәсіпорын құруды көздейді. Жалпы әріптестік ел дамуының кезекті кезеңін қамтамасыз етеді.

Төлегенова Д. Ю-11ск тобы, ҚЭУ
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы
Есенов Д.К.

АДАМНЫҢ ҚОЛАЙЛЫ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚҰҚЫҒЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАР ЖҮЙЕСІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

Құқықтар мен бостандықтардың жүзеге асырылуы өмірде оны қамтамасыз етуші саяси, әлеуметтік-экономикалық, заңдық, рухани, ұйымдастырушылық және өзге де алғы шарттардың, жағдайлардың, әдістер мен құралдардың болуын талап етеді. Оларды немесе құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асырушы кепілдіктер жүйесі деп атайды. Кепілдіктердің мазмұны аса әралуан болып келеді, олардың мазмұны ел ішінде жүріп жатқан экономикалық, қоғамдық-саяси, рухани және басқа да процестерге байланысты қалыптасады. Жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуші кепілдіктер жүйесінің тиімділігі қоғамның демократиялық, экономикалық және саяси даму дәрежесін бейнелейтін басты көрсеткіштердің бірі.

Қолайлы қоршаған ортаға құқықты қамтамасыз етуші кепілдіктер жүйесін зерттегенде, біріншіден, барлық құқықтарға берілетін жалпы кепілдіктермен бұл құқық арасындағы байланыс қандай екенін, екіншіден, ол қандай арнайы кепілдіктермен қамтамасыз етілетінін анықтап алу қажет. Осы орайда, адам құқықтарын жүзеге асырушы әлеуметтік-заңдық механизмнің жалпы ұғымы теорияда кеңінен зерттелгенмен, қолайлы қоршаған ортаға құқығының жүзеге асырылуын қамтамасыз етуші кепілдіктер жүйесі отандық заң ғылымында арнайы түрде әлі қарастырылмағанын айта кеткен жөн.

Кең мағынада кепілдіктер деп: адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға және оларды орындауға бөгет болып тұрған себептер мен кедергілерді жоюға, құқықтарды бұзушылықтардан қорғауға бағытталған объективті және субъективті факторлар жиынтығын айтуға болады.

Ғылыми әдебиетте кепілдіктер түсінігін қарастырғанда «механизм» деген сөз де жиі қолданылды, оның өзі кездейсоқ емес. Кепілдіктер тиімді түрде қызмет ету үшін оларды анықтаушы, тәртіпке келтіруші, белгілі бір ережелер мен рәсімдер қажет. Тиісті рәсімдердің болмауы тәжірибеде құқықтар мен бостандықтардың жүзеге асырылуына өзінің теріс әсерін бермей қоймайды. Жеке тұлғаға тиесілі құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асырушы құқықтық кепілдіктер механизмінің келесі элементтерін көрсетуге болады: жеке тұлғаға оның құқықтары туралы тиісті ақпарат беру; барлық адамдарға тиесілі құқықтар мен бостандықтардың тізімін, олардың нақты мазмұны мен пайдалану шектерін анықтау; жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуына жауапты мемлекеттік

органдарды анықтау; құқықтар мен бостандықтарды бұзушылықтардан қорғайтын құқықтық әдістерді белгілеу және бұзылған құқықтарды қалпына келтіру.

Жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру механизмі құқықтар мен бостандықтарды пайдалану және қорғау мәселесіне қатысты мемлекеттік қызметтің барлық түрлерін қамтуға тиіс. Бұл қызмет келесі бағыттардан тұрады:

- құқықтар мен бостандықтардың кепілдіктерін заңдық түрде бекіту;
- құқықтар мен бостандықтардың сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйені бекіту;
- азаматтардың қоғамдық саяси белсенділігін және өздерінің құқықтары мен бостандықтарын пайдалануға деген саналы көз қарасын дамыту;
- құқықтар мен бостандықтарды қорғауға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық бақылауды дамыту;
- әркіммен өз құқықтары мен бостандықтарын және өз міндеттерін білу үшін білімділік деңгейін көтеру;
- азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға және қорғауға арналған қоғамдық бірлестіктерді дамыту.

Адам құқықтары мен бостандықтарына кепілдік етуші басты субъект мемлекет болып табылады. Іс-жүзінде кепілдіктерді – азаматтарға өз құқықтарын және бостандықтарын пайдалану үшін қолайлы жағдайларды жасау, құқықтық әдістерді орнату бойынша мемлекеттің және оның органдарының қызметі кұрайды. Конституцияның 1-ші бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде орынықтырады; оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жарияланған. Сонымен қатар, құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің міндеті Конституцияның 12-ші бабының мазмұнынан туындайды: «Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі».

Адам және азаматқа тиесілі болып келетін қолайлы қоршаған ортаға құқық мемлекеттің экологиялық функциясы шеңберінде жүзеге асырылатын құқықтық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, техникалық, шаруашылық, ғылыми, тәрбиелік және өзге де табиғатты қорғау және тиімді пайдалануға бағытталған шаралар жүйесі негізінде қамтамасыз етіледі. Бұл құқықтың жүзеге асырылуына жәрдемдесу міндеті тек қана мемлекетке емес, барлық заңды тұлғаларға да жүктеледі. Адамның экологиялық құқықтарын сақтау және қорғау бойынша заңды тұлғалардың көптеген міндеттері, шаруашылық қызметке экологиялық талаптар орнататын салалық заңнамада бекітілген. Сондай-ақ, Конституцияның 38-бабы бойынша табиғатты сақтау және табиғи байлықтарына ұқыпты қарау, Қазақстан Республикасының әрбір азаматына қатысты заңдық міндет болып табылады.

Қоршаған ортаның жай-күйі және табиғат қорғаушылық заңнаманың сақталуы қоғамда қалыптасқан экологиялық мәдениеттің деңгейіне басымды түрде байланысты болатыны белгілі мәселе. Егер қоғамда табиғатты сақтау және табиғи байлықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелейтін экологиялық мәдениет қалыптаспаса, мемлекетпен қабылданатын кез келген шаралар өзінің оң нәтижесін бермейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сағындықова, А.Н. Конституционное право Республики Казахстан: курс лекций / А.Н.Сағындықова. – Алматы: Білім, 1999.
2. Калашников, С. Система конституционных гарантий обеспечения прав и свобод граждан в условиях формирования в России гражданского общества / С.Калашников // Государство и право.- 2002.
3. Права человека: учеб.для вузов / ред. Лукашева Е.А. – М.: Изд. группа НОРМА-ИНФРА-М, 1999.
4. Қазақстан Республикасының Президенті туралы: [Қазақстан Республикасының 26.12.95 №2733 Конституциялық Заңы].- 2007.19.06 берілген өзгерістер мен толықтырулар /Справочно-правовая система «Юрист». – Электрон.дан. – Режим доступа <http://www.zakon.kz/>.
5. Малиновский, В.А. Глава государства суверенного Казахстана /В.А.Малиновский. – Алматы: Әділет, 1998.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы: ҚР Президентінің Жарлығы 19.03.03 №1042 // Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілер жинағы. – 2003.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы: [Қазақстан Республикасының 18.12.95 №2688 Конституциялық Заңы].- 2007.09.06 берілген өзгерістер мен толықтырулар /Справочно-правовая система «Юрист». – Электрон.дан. – Режим доступа <http://www.zakon.kz/>.

Тлеуғали А. Ю-33 к. ҚҚЭУ
Ғылыми жетекші: Амантай А.
оқытушы, заңтану магистрі

ФАКТОРИНГ ШАРТЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Факторинг (ақшалай талапты беріп қаржыландыру) АҚШ-та шамамен 1890 жылы пайда болды. Экономикалық тұрғыда бұл борышты саудалау, есептік операциялардың бір түрі.

Факторинг (ағылш. factor — фактор, сауда делдалы, маклер, комиссияшы, агент) — банкілердің тапсырыскерге көрсететін қызметтерінің түрі; жеткізуші-клиенттің мамандандырылған мекемеге (факторингтік компанияға, банкінің факторингтік бөліміне) жеткізілген тауарлар немесе көрсетілген қызметтер үшін төленбеген төлем құжаттарын (шот-фактураларды) ұсынуына байланысты сауда-комиссиялық операциялардың бір түрі, яки жеткізуші-кәсіпорынның айналым капиталын несиелендіруі [1, 156б.].

Мұнда несиелендіру төлемші (сатып алушы) төлемеген борышқорлық талаптарды (жеткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін төлем құжаттарын) басқа тұлғаға (факторға) берумен және факторға ол бойынша төлем алу құқығын табыстаумен байланысты болады.

Факторинг рөлін банкілер, несие, қаржы мекемелері, банк операцияларымен айналысатын басқа да мекемелер атқарады.

Факторинг қызметімен айналысу үшін фактор ұлттық (орталық) банкіге жазбаша өтініш жасап, оның келісімін алуы тиіс. Факторинг қызметінде банк талаптан шегіну шарты бойынша тапсырыскердің борышқорларынан борышты өндіріп алу құқығын тапсырыскерден сатып алады және тапсырыскерге өзінің қаражатынан сатып алынған борыштың 90%-ына дейінгісін төлеп, өзінде сыйақы ретінде әлдебір пайызын қалдырады.

Факторингтік операциялар жеткізуші мен оның контрагенттері бір елдің ішінде болатын ішкі операциялар және халықаралық операциялар (халықаралық несие түрі ретінде) болуы мүмкін.

1988 ж. Халықаралық Факторинг туралы конвенция қабылданды.

Ірі факторингтік компаниялар Factors Chain International «Фэкторз чейн интернэшнл» (Амстердам) қауымдастығына біріккен. Біздің еліміздегі өздері факторингтік қызмет ұсынып отырған компаниялардың көпшілігі банкілердің серіктестері болып табылады және сол банкілердің займдарының есебінен қорланады. Анығында, біздің республикамызда таза факторингтік компаниялар санаулы-ақ. Осы жерде факторинг қызметін ұсына алатын қаржы институттарына тоқталсақ мұндайлар үшеу: біріншісі, әмбебап банкілер, екіншісі, тек қана факторинг емес, сонымен бірге лизингпен айналысатын компаниялар, сосын, үшіншісі, арнайыландырылған факторингтік компаниялар. [2, 26.].

Қазақстандық факторинг жүйесін Ресейлік аттас саламен салыстыруға келмейді. Бір ғана олардағы факторинг нарығының көлемінің 2011 жылы 19,2 миллиард еуроға жеткенін айтсақ, аузыңызды ашып, көзіңізді жұмаңыз хақ. Ал, жалпы әлем бойынша аталған саладағы көшбасшылар ретінде Италия (11,9 пайыз), Кипр (20,7 пайыз), Ұлыбритания (10,5 пайыз) және Португалия (9,8 пайыз) аталады. Факторинг нарығының дәстүрлі қуаты (потенциал) ЖІӨ-ге қатынасымен өлшенеді. [3, 19б.].

«Қазақстан Республикасының Банкілер және Банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 заңның отызыншы бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің лицензиясы бар банкілер факторингтік операцияларды жүргізуге құқылы. Яғни, рұқсаты бар банкілер бұл операцияларды жүргізу осы заңдарға сүйеніп, факторингті несие ретінде қарастырады. Несие ретінде қарастыру бұл қате емес, бірақ халықаралық қатынаста банкілер

1988 жылы қабылданған «Халықаралық факторинг туралы» Оттава конвенциясына сүйенеді. [4, 266.].

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі жоғарыда қарастырылған факторингті несиелендіру ретінде қарастырады, бірақ факторинг шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 336-шы бабына сәйкес рәсімделеді, сондықтан да ол талап ету құқығына теңестірілген (цессия). Бірақ олар әртүрлі шарттар, себебі факторинг қаржылық операция болып табылады, ал цессия ондай қатынастарға жатпайды. Талап ету құқығын беруде талаптар адресінде есеп айырысу қарыз алғаннан кейін жүзеге асырылады, ал факторингке есеп айырысу борышқордан ақша алғанға дейін жүзеге асырылады. Осыған сәйкес Ұлттық Банктің факторинг несиелендірудің бір түрі ретінде тұжырымдауымен келісуге болады. Сондықтан да банктер туралы заңдылыққа, Азаматтық Кодекске өзгерістер енгізу керек. Олар несиелендірумен банк мәртебесі жоқ тұлғаларға айналысуға құқықты беруге тиіс.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 733-ші бабының мазмұны осы Азаматтық Кодекске сәйкес келмейді, себебі осы бап бойынша қаржы агентіне ақшалай талапты беру, тіпті клиентпен оның борышқоры арасында оған тыйым салу немесе оны шектеу туралы келісім болғанда жарамды болып табылады [5].

Бірақ цессияға байланысты бірде тарап контракт бойынша өзінің құқықтарымен міндеттерін үшінші тұлғаға екінші жақтың жазбаша келісімінсіз бере алмайды. Сондықтан да Қазақстан Республикасында нақты нарықтық экономикалық дамыту үшін, және факторингтің ең пайдалы операция ретінде дұрыс реттеп, заңдылыққа өзгерістер енгізіп «Халықаралық факторинг туралы» Оттава конвенциясын ратификациялау керек.

Енді шешу жолдарына шама-шарқымызша үңіліп көрейік:

- факторинг шарты бойынша азаматтық кодекске өзгерістер енгізу;
- факторинг дегенді бір жұмбақ әлем сияқты көріп жүрген кәсіпкерлерге кәсіптерін қаржыландырудағы мұның басымдыққа ие қырларын түсіндіру жұмыстарын кеңінен жүргізу;
- қаржы рыногының жағдайын және тәуекелдерді басқарудың барынша қажеттілігін арттыру;
- Қазақстандық факторинг рыногы қазіргі таңда ұлттық қаржы жүйелерінің дүниежүзілік қаржы рыногына интеграциялану үдерісіндегі ролін одан әрі күшейту үшін үлкен мүмкіндіктер ұсынатын бастапқы сатыда тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Банк терминдері мен ұғымдарының қазақша-орысша сөздігі. / Ғ. Сейіткасымов, Б. Бейсенғалиев, Ж. Бекболатұлы - Алматы: Экономика, 2006. 156 б.
2. Иванова Т. Международный факторинг / Т. Иванова // Нерезиденты. - 2010. - №10. - 2-10 б.
3. Бушукова, Б. Обзор рынка факторинга в мире и Казахстане [Текст] / Б. Бушукова // РЦБК. - 2010. - № 9. - 19-21 б.
4. Осипов Е. «Ақшалай талапты беріп қаржыландыру» // Заң №10-11 2012ж. 26-28 б.
5. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (1994 жылғы 27 желтоқсандағы жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының ерекше бөлім 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Кодексі (өзгерістер мен толықтырулар ҚР 2012.01.12 № 539-IV)

Тулепбергенова А.Б. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің 1 курс магистранты
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Амребаев А.М.

ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДЫ ТАРАТПАУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМШАРТ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

Н.Ә.Назарбаев: «Ядролық қарусыз әлем орындалмайтын арман емес. Бұл жер шарының ауқымды бөлігінде орнығып үлгерген шындық. Дегенмен, түбегейлі ядролық қарусыз әлемге жол салу жер ананың барлық саналы азаматтарының бірігуінсіз, яғни, жаһандық қажыр қайратсыз мүмкін емес. Бүгінгі таңда беделді де қуатты жаһандық антиядролық қозғалыс құру

айрықша маңызды. Бұл бастаманы жаһанға жар етіп, оны құруға кірісу керек. Қозғалыстың басты мақсатыдролық қауіппен күрес қана болмауы тиіс. Ядролық қарудың кез келген түрінен бас тартатын барша адамзаттың антидролық санасын табанды түрде қалыптастыруымыз қажет» деп Астанада өткен «Ядролық қарусыз әлем үшін» форумында хабарлағандай ядролық қарудың таратылуы қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі және бұнымен адамзат баласы бірігіп күресу керек. [1]

